



KazakhExport



2020

ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫ
СЕНІМДІ ҚОРҒАУ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМУНЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ		
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	2	
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4	
2020 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	6	
2020 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ	7	
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	8	
Компанияның қысқаша тарихы	10	Басқарма
Бизнес-модель сипаттамасы	12	Басшылыққа сыйақы беру
Сақтандыру тәртібі	13	Корпоративтік әдеп және Омбудсмен институты
Біздің артықшылықтарымыз	14	Комплаенс-бақылау
Қолдау құралдары	15	Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ	18	Ішкі аудит қызметі
Дамудың стратегиялық бағыттары	20	Корпоративтік хатшы
2020 жылдың ішіндегі ҚНҚ мақсатты мәндерін орындау	21	Сыртқы аудит
Шетелдік өкілдердің қызметі	22	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	24	Клиенттер мен контрагенттердің тәуекелдерін бағалау
Сыртқы ортаны шолу	25	ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ
Сақтандыру қызметінің көрсеткіштері	26	Тұрақты дамуды басқару
2020 жылы KazakhExport көмегімен іске асырылған ірі мәмілелер	28	Ақпаратты ашу
ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	32	Кадрлық саясат
САТЫП АЛУЛАР ТӘЖІРИБЕСІ	34	Еңбекті қорғау
АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР МЕН МІНДЕТТЕР	36	Қоршаған ортаны қорғау
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	38	Әлеуметтік жауапкершілік
Корпоративтік басқару жүйесі және оның қағидалары	39	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу
Корпоративтік басқару қағидалары	39	ҚОСЫМШАЛАР
Акционерлік капитал	40	1-қосымша. Есеп туралы
Дивидендтерді төлеу	40	2-қосымша. GRI индексі
Ұйымдық құрылым	40	3-қосымша. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтау/сақтамау туралы есеп
Директорлар кеңесі	41	4-қосымша. Қаржылық есептілік
		5-қосымша. Глоссарий
		БАЙЛАНЫСТАР

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 102-14



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ көп жылдар бойы оған Қазақстан басшылығы жүктеген шикізаттың емес секторды қолдау бойынша міндеттерді ойдағыдай орындап келеді. Оған қоса, бүгінгі таңда KazakhExport қазақстандық сақтандыру нарығындағы экспорттаушы кәсіпорындар мен екінші деңгейдегі банктерге өндірудің және сыртқы нарықтарда өткізудің барлық кезеңдерінде төлем жасамау тәуекелдерінен қорғау бойынша сақтандыру қызметтерінің толық спектрін ұсынатын жалғыз ұйым болып табылады.

Бытырғы 2020 жыл қазақстандық экономика үшін өте қиын болды. Карантин енгізудің және шекараларды жабудың салдарынан сыртқы экономикалық конъюктураның нашарлауы және пандемия жағдайында дүниежүзілік тауар нарықтарындағы жағымсыз үрдістер 2019 жылмен салыстырғанда қазақстандық экспорт көлемдерінің, негізінен шикізаттың тауарлардың азаюының есебінен 19,5%-ға төмендеуіне алып келді. Дегенмен де, осы бір қиын жағдайларда Қазақстан басым бағыттар бойынша көптеген шикізаттық емес тауарларды экспорттау көлемдерін сақтап қана алмай, сонымен бірге арттыра да алды.

2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шикізаттық емес экспортты, әсіресе орта бизнес өнімдерінің экспортын қолдауға көңіл бөлу қажеттігін көрсеткен: «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болу-

дың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді. Мұндай компаниялар ішкі нарыққа ғана емес, сыртқы нарыққа да бейімделуге тиіс. Олардың экспорттық әлеуетін арттыру үшін қолдауды күшейту керек. Үкіметке шикізаттық емес орта кәсіпорындарға арналған экспорттық акселерация бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Бұл идеядан нәтижеге дейін мақсатты түрде қолдау көрсету үшін қажет».

Компанияның 2020 жылдың ішіндегі жұмысының нәтижелері KazakhExport-ң оған жүктелген отандық экспортты қолдау міндеттерін толық атқарып отырғанын дәлелдеп отыр. Қалыптасқан күрделі жағдайда KazakhExport ұсынылатын қызметтердің көлемдерін сақтап қана қоймай, оларды айтарлықтай өсіре де алды. Айталық, шикізаттық емес сектор кәсіпорындарын сақтандыру арқылы қолдау 2019 жылғы 97 млрд теңгеден 2020 жылғы 134,6 млрд теңгеге дейін артты, ал KazakhExport-ң сақтандыру арқылы қолдауымен іске асырылған экспорттық келісімшарттар сомасы шамамен 589 млрд теңгеге жетті.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауын 115 кәсіпорын пайдаланды, оның ішінде 40 кәсіпорын – бірінші рет пайдаланып отыр. Экспорттық қолдауға ие болған кәсіпорындарды 71-і орта бизнес кәсіпорындарына жатады. Компания клиенттері экономиканың машина жасау, тамақ және химия өнеркәсібі, металлургия, АӨК сияқты аса маңызды салаларында жұмыс істейді.

2020 жылдың мамырында «KazakhExport» ЭСК» АҚ капиталы жоспарға сәйкес 29 млрд теңгеге көбейді. Есепті жылдың соңына қарай Компания активтері

122,87 млрд теңгеден асты. Компания 2020 жылды оң қаржылық нәтижемен аяқтады – оның таза пайдасы 3,86 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың көрсеткішінен 64% жоғары болып табылады.

Компания қызметінің табыстылығын Moody's Investors Service халықаралық рейтингтің агенттігі белгілеп көрсетті. Ол сақтандырылушы «KazakhExport»-тың қаржылық тұрақтылық рейтингісін халықаралық шкала бойынша оң болжамды «Вaa3» деңгейінде растады.

Бір айта кететіні, 2020 жылдың қыркүйегінде «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның сақтандыру арқылы қорғауын банктік қарыздар бойынша жоғары өтімді қамтамасыз етуге теңестірді. Бұл Компания клиенттеріне қаржыландыруды тарту бойынша қосымша мүмкіндік береді.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның 2021 жылға құрған жоспарында экспорттың қолдауымен жарғылық капитал мен мемлекеттік кепілдік лимитін әрі қарай арттыру көзделген. KazakhExport-ң алдына шикізаттық емес экспорт көлемдерін 2021 жылы арттыру міндеті қойылған.

Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі
Бақыт СҰЛТАНОВ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 102-14



Құрметті клиенттер, серіктестер, әріптестер!

Пандемия әлемдік саудаға, соның ішінде отандық экспорттаушы-кәсіпорындарға айтарлықтай соққы берді. 2020 жылы Қазақстаннан тауарларды экспорттау көлемі 2019 жылға қарағанда 19,5%-ға төмендеді. Минералдық шикізатты сыртқы нарыққа жеткізу 26%, немесе абсолюттік шамада 10,85 млрд долл. азайды. Алайда KazakhExport-ң басымдығы болып табылатын шикізаттық емес тауарлар экспорты жаһандық сауда ағындарының төмендеуіне қарамастан мұнай өнімдері экспортының азаюының арқасында орташа – 5,5% төмендегенін көрсетті. Сонымен бірге 2020 жылдың қорытындылары бойынша кейбір өнім түрлерінің экспорт көлемі 2020 жылдың қорытындылары бойынша, керісінше, өсіп кетті. Мысалға, тамақ өнеркәсібі өнімін экспорттау көлемі 13,9%, химия өнеркәсібі өнімін экспорттау көлемі – 7,1%, ал көлік құралдарын экспорттау көлемі – 30,3% өсті.

Эпидемия таралып, соның ішінде кейбір азық-түлік өнімдерін, жеке қорғану құралдарын, дәрі-дәрмектерді экспорттауға тыйым салынып жатқанда қатаң шектеулердің енгізілуіне қарамастан KazakhExport белсенді жұмысын жалғастырды. Еңбекті ұйымдастырудың дистанциялық форматына көшу кезінде біз негізгі бизнес-үдерістерді сақтап қана қоймай, клиенттермен өзара әрекеттесудің жеделдігін арттыра алдық. Көптеген мәселелерді шешілуі онлайн-режиміне ауыстырылды, қазақстандық банктер қызметкерлерін қашықтан оқыту ұйымдастырылды, ал карантиндік шектеулер алынып тасталған соң біздің қызметкерлеріміз еліміздің барлық өңірлерінде кәсіпкерлермен жеке кездесу өткізу практикасына оралды. Қашықтан жұмыс істеу режиміне көшу кезінде біз клиенттер үшін олар мен өзара әрекеттесу процедураларын барынша қысқартуға тырыстық.

Компания заманмен қатар қадам басып келеді: біз бизнес-үдерістерді үздіксіз жетілдіруге және оларды автоматтандыруға көп көңіл бөлеміз. Біздің басымдықтарымыздың бірі тәуекелдерді басқару болып табылады. Біз жүйелі түрде өз тәуекелдерімізге бағалау жүргіземіз және контрагенттер тәуекелдерін бағалауды озық модельдерін пайдаланамыз. KazakhExport Қаржылық даму агенттігінің сақтандыру ұйымдарына тәуекелдерді басқару жүйелері жағынан қоятын барлық реттеу талаптарын орындайды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша біз 115 кәсіпорынға, соның ішінде 71 ШОБ субъектісіне қолдау көрсеттік, ал 40 экспорттаушы біздің қызметтерімізді алғаш рет пайдаланды. 2020 жылы жалпы қолдау сомасы 2019 жылғы 97 млрд теңгемен салыстырғанда 134,6 млрд теңгеден асты. Біздің клиенттеріміз әртүрлі қызмет салаларында жұмыс істейді: машина жасау, АӨК, тамақ өнеркәсібі және басқа да шикізаттық емес салалар.

2020 жылдың мамырында республикалық бюджет қаражаттарынан 29 млрд теңге Компанияны қосымша капиталдандыруға бөлінді. 2021 жылдың басына қарай оның жарғылық капиталы 100,1 млрд теңгені, меншікті капиталы – 109,4 млрд теңгені, активтері шамамен 123 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте KazakhExport 2020 жылдың наурызында берілген Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық компанияларды 2019 жылдың ішінде таза кірістің 100% мөлшерінде дивиденд төлеу туралы тапсырмасын 2,3 млрд теңгеден артық соманы өзінің дара тұлғалы акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на аудару арқылы орындады.

2020 жылы KazakhExport Сауда және интеграция министрлігімен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен белсенді түрде өзара әрекеттесті.

Бірлескен жұмыстың нәтижесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына маңызды өзгертулердің енгізілуі болды: KazakhExport-ң сақтандыру арқылы қорғауын банктік несиелерді жоғары өтімді қамтамасыз етуіне теңестірді. Бұл банктердің экспорттық операцияларды қаржыландыру көлемдерін арттыруға мүмкіндік берді. Мысалы, 2020 жылы отандық экспорттаушылар KazakhExport-ң сақтандыру арқылы қорғауына 102 млрд теңге несиелік ресурстарды тартты. Бұл 2019 жылдың дәл сол көрсеткішінен екі есе асып түсті.

KazakhExport қазақстандық және халықаралық даму институттарымен, соның ішінде Қазақстанның даму банкімен, Еуразиялық даму банкімен, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-мен, Аграрлық несиелік корпорациямен, Өнеркәсіпті дамыту қорымен ойдағыдай жұмыс істеуде. Банктік секторда біздің белсенді серіктестер «Halyk Bank», «РБК», «Сбербанк», «Альфабанк», «Нұрбанк», «ВТБ», «Еуразиялық банк» сияқты екінші деңгейдегі банктер болып табылады.

2021 жылы KazakhExport жарғылық капиталын және біздің Компаниямыздың міндеттемелерін жабатын мемлекеттік кепілдік сомасын әрі қарай арттыру жоспарланып отыр. Біз осы шаралар Компанияның қазақстандық шикізаттық емес экспорттаушыларға сақтандыру арқылы қолдау көрсету көлемін жылына 200 млрд теңгеге дейін көбейтуге мүмкіндік береді деп сенеміз. Осы міндетті орындау үшін KazakhExport 2021 жылы клиенттік базаны кеңейтуді және Қазақстандағы және оның шекарасынан тыс жердегі серіктес-банктер желісін дамытуды жалғастырады.

Мен клиенттеріміз бен серіктестерімізге табысты ынтымақтастығы үшін шын жүректен алғыс білдіремін және оларға тұрақтылық пен өркендеуді тілеймін. Бірігу арқылы біз кез келген сын-тегеуріндерді жеңеміз!

«KazakhExport»
экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ
Басқарма Төрағасы
Руслан ИСКАКОВ

2020 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ


GRI 102-7



ЭКСПОРТТЫҚ
КЕЛІСІМШАРТТАР СОМАСЫ,
МЛРД ТЕҢГЕ




588,6 МЛРД
ТЕҢГЕ



ЭКСПОРТТЫҚ
КЕЛІСІМШАРТТАР САНЫ




374



ҚАБЫЛДАНҒАН САҚТАНДЫРУ
МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ




134,6 МЛРД
ТЕҢГЕ



БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА
ПАЙДА, МЛРД ТЕҢГЕ




3,86 МЛРД
ТЕҢГЕ



ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ
АКТИВТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ




122,87 МЛРД
ТЕҢГЕ



ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ,
МЛРД ТЕҢГЕ



109,44 МЛРД
ТЕҢГЕ



2020 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



KazakhExport жарғылық капиталының 29 млрд теңгеге көбеюі (қаражаттың бөлінуі ҚР Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 Жарлығымен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын арттыру» № 245 бағдарламасы бойынша кейіннен «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайта отырып, 2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджетте көзделді).



Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі сақтандырылушы KazakhExport-ң қаржылық тұрақтылық рейтингісін халықаралық шкала бойынша оң болжаммен «Ваа3» деңгейінде растады. Бұл Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісінің деңгейіне сай келеді.



KazakhExport-ң сақтандыру арқылы қорғауын ЕДБ қарыздары бойынша жоғары өтімді қамтамасыз етуге теңестірді. («Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» РММ Басқармасының 2020 жылғы 30 қазандағы «Қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы» № 106 Қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» № 170 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы «Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы» № 144 қаулысына өзгертулер енгізілді).

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



GRI 102-1, 102-2, 203-1

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – KazakhExport немесе Компания) – экспорттық операцияларды қорғаудың сақтандыру құралдарын құру арқылы қазақстандық экспортты қолдаудың ұлттық даму институты болып табылады. KazakhExport шикізаттық емес сектордың сыртқы экономиялық келісімшарттарына қатысты коммерциялық және саяси тәуекелдерді сақтандыру бойынша қызметтерді ұсынады.

МИССИЯСЫ

Экономиканың басым секторларындағы шикізаттық емес тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің экспортының өсуін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау көрсету тәжірибесін қалыптастыру.

ПАЙЫМЫ

2023 жылға дейін Орта Азия өңіріндегі және Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асырудағы негізгі даму институтына айналу.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



KazakhExport құрылуы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 442 қаулысы).

2003

2004

Берн Одағының Прага клубына – Ірі халықаралық экспорттық-несиелік агенттіктер қауымдас­тығына кіру (бүгінгі күні әлемнің әртүрлі елдерінен 82 компания Берн одағының мүшелері бо­лып табылады, олардың екеуі бақылаушы мәртебесіне ие).

2005-2018

Сақтандыру нарығында пропорционалды және пропорционалды емес негіздегі қайта сақтандыру компаниясы ретінде әрекет ету.

2010

Экспорттық саудалық қаржылан­дыру бойынша операцияларды қолдау мақсатымен жарғылық капиталды ұлғайту.

2012

Қазақстан тарихында тұңғыш рет KazakhExport қаржылық-сақтан­дыру қолдауымен Тәжікстан Республикасына отандық локо­мотивтерді экспорттау жүзеге асырылды.

2013

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамына кіру (Дара тұлғалы акционер).

2014

Aman Union – Ислам мемлекеттері мен араб әлемінің ең ірі экспорттық-несиелендіру агенттіктерінің Қауымдастығына кіру.

2015

1934 жылы құрылған және экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының бейресми бірлестігі болып табылатын Берн одағы бақылаушысының мәртебесінің берілуі.

Қазақстанның тарихында тұңғыш рет KazakhExport қатысуымен 10 отандық локомотивті Әзірбайжан Республикасына жеткізу бойынша лизингтік қаржыландыру схемасына сәйкес халықаралық деңгейдегі бірінші экспорттық мәміле жасалды.

2016

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің «Қарыздарды сақтандыру», «АҚЖ сақтандыру» қосымша сақтандыру кластары бойынша лицензиялары алынып, жаңа ережелер әзірленіп, жаңа экспортты қолдау құралдары енгізілді, солардың ішінде қарыздарды ерікті сақтандыру, алдын ала төлемді сақтандыру, экспорт алды қаржыландыру, лизингті сақтандыру.

Сақтандыру қолдауы құралдары желісінің кеңейтілуі: қарыздарды ерікті сақтандыру, алдын ала төлемді сақтандыру, ұлттық валюта мен ресей рубліндегі саудалық қаржыладыруы, сонымен қатар қаржылық лизингті сақтандыру.

Жарғылық капиталды 14 млрд теңгеге ұлғайту.

«Қазақстанның Даму банкі» АҚ бірлескен несиелік мәмілелер жүзеге асырылды, оның аясында KazakhExport қарызды сақтандыру өнімі арқылы сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етті.

2017

«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несие сақтандыру корпорациясы» АҚ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ етіп түрлендіру және ұлттық компаниялар тізіліміне енгізу.

KazakhExport 2014–2023 жылдарға көзделген Даму стратегиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясына сәйкес өзектілендіру.

Жарғылық капиталды 13,9 млрд теңгеге ұлғайту.

2018

2018 жылдың наурызында Компанияны Астана қ. жаңа мекенжайға орын ауыстыру: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А «Бәйтерек» БО.

2018 жылдың 21 мамырындағы № 2.1.55 лицензияны «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына қайта рәсімдеу.

Қазан қаласында (Ресей Федерациясы) кеңсе ашу және ҚХР шетелдік өкілді тағайындау.

2019

Жоғары экспорттық және басым экспорттық мүдделер елдерінде кеңселер ашу: Ташкент қ. (Өзбекстан Республикасы), Душанбе қ. (Тәжікстан Республикасы), Екатеринбург қ., Новосибирск қ. (Ресей Федерациясы), Бішкек қ. (Қырғыз Республикасы).

Жарғылық капиталды 34 млрд теңгеге арттыру.

KazakhExport 102 млрд теңгеге әрекет ету мерзімі 10 жылдық экспорттық қолдау бойынша мемлекет кепілдігін алуы.

2020

KazakhExport жарғылық капиталының 29 млрд теңгеге көбеюі.

Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі сақтандырылушы «KazakhExport» қаржылық тұрақтылығының рейтингісін халықаралық шкала бойынша оң болжаммен «Baa3» деңгейінде растады.

KazakhExport-ң сақтандыру арқылы қорғауын ЕДБ қарыздары бойынша жоғары өтімді қамтамасыз етуге теңестірді.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ СИПАТТАМАСЫ

GRI 102-9



115 ЭКСПОРТТАУШЫ-
КӘСІПОРЫН

2020 жылдың қорытындылары бойынша **115 экспорттаушы-кәсіпорын**, соның ішінде – **40 кәсіпорын алғашқы рет** қолдауға ие болды

457 САҚТАНДЫРУ
ШАРТЫ

457 сақтандыру шартына қол қойылды (2019 жылы – 485 шартқа)

134,6 МЛРД
ТЕҢГЕ

Сақтандыру міндеттемелерінің жалпы сомасы **134,6 млрд теңгені** құрады (2019 жылы – 97,1 млрд теңгені)

374 ЭКСПОРТТЫҚ
КЕЛІСІМШАРТ

Сақтандыру арқылы қолдау **374 экспорттық келісімшартты** орындау шеңберінде көрсетілді (2019 жылы – 368 келісімшартты)

САҚТАНДЫРУ ТӘРТІБІ



БІЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

- ◆ Төлемді кейінге қалдыру шарттарымен экспорттау мүмкіндігі немесе төлемді кейінге қалдыру шарттарымен экспорттық сатулар көлемін арттыру.
- ◆ KazakhExport сақтандыру қорғанысы болған жағдайда мүмкіндіктердің артуы және несиелендіру шарттарының жақсаруы, себебі KazakhExport сақтандыруы банк несиелері бойынша қамтамасыз ету болып табылады.
- ◆ Экспорттық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау шетелдік контрсеріктестікке байланысты болмайтын саяси сипаттағы сақтандыру оқиғасы жағдайындағы шығындардың қысқаруы.
- ◆ Төлемге тәуекелдерінің азаюы, себебі кепілдік қамтамасыз ету болған жағдайдың өзінде тәуекел толықтай жоққа шығарыла алмайды.
- ◆ Жаңа нарықтарға «қауіпсіз кіру» стратегиясына арналған тиімді құрал.
- ◆ Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды саяси тәуекелдерден қорғау.
- ◆ Анықталған экспорттық тәуекелдерге негізделген стратегиялық жоспарлау.
- ◆ Экспорттық несиелерді сақтандыру процедурасы әдетте аккредитив ашумен салыстырғанда азырақ шығындарды қажет етеді.
- ◆ Экспорттық несиелерді сақтандыру факторингтік операциялардан арзан.



ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

KazakhExport отандық өндірушілердің өнімдерін экспорттауды сақтандырудың жалпымен қабылданған әлемдік тәжірибелер арқылы қолдайтын жалғыз сақтандыру ұйымы болып табылады және кәсіпкерлерді отандық тауарларды өндіру кезеңінен бастап, оны сыртқы нарықтарда сатуға дейін қолдайтын ең маңызды тізбек болып табылады.

KazakhExport компаниясының мемлекеттік даму институты ретіндегі қызметі ең алдымен ұлттық тауарларды, қызметтерді және инвестицияларды шетелге экспорттауды қолдау үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерді өтеу қажеттілігі мен мүмкіндігіне негізделеді.

KazakhExport ұлттық экспортқа экспорттық несиелерді сақтандыру саласындағы озық әлемдік тәжірибелерге сәйкес әзірленген және әлеуетті және қазіргі клиенттің қажеттіліктеріне барынша сәйкес сақтандыру қолдау құралдарын ұсынады.

Қолданыстағы негізгі өнімдер клиент түріне сәйкес 3 түрге топтастырылған:

- ◆ Экспорттаушыларға арналған өнімдер;
- ◆ Қаржылық институттарға арналған өнімдер;
- ◆ Инвесторларға арналған өнімдер.

№	Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
Экспорттаушыларға арналған өнімдер			
1	Экспорттық несиені сақтандыру	Өнім экспорттаушыға өз тауарын/жұмысын/қызметтерін төлемді кейінге қалдыру шартымен экспортқа өткізу кезінде шетелдік контрагенттің қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
2	Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Өнім экспорттаушыларды (сондай-ақ оларға қаржыландыруды ұсынатын банктерді) шетелдік сатып алушылардың төлемге тәуекелінен қорғауға арналған. Бұл өнімде экспорттаушы өзінің экспорттық келісімшарттар қоржынын төлемді кейінге қалдыра отырып сақтандыра алады.	Коммерциялық және саяси
3	Экспорт алды қаржыландыру	Экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа жұмыстар мен қызметтерді орындау мақсатымен экспорттаушыны айналым қаражаттарын толықтыруға қаржыландыру.	Коммерциялық және саяси
4	Экспорттаушының алғы төлемдерді қайтару бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Өнім шетелдік контрагенттерден алғытөлемдер түріндегі айналым қаражаттарын экспорттық өнімді өндіру немесе экспортқа жұмыстар мен қызметтерді орындау мақсатымен толықтыру үшін қажетті баламалы қаржыландыруды алу мүмкіндігін береді.	Коммерциялық және саяси
5	Экспорттаушылардың облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Экспорттық әлеуетті дамыту мақсатымен экспорттаушылардың қаржыландыруды тартуы, бұл ретте экспорттаушылар шығарған облигацияларды ұстаушылар дефолт тәуекелінен қорғалады.	Коммерциялық және саяси
6	Экспорттаушының жұмыстарды орындаумен, қызмет көрсетумен байланысты шығындарын сақтандыру	Экспорттаушыны шетелдік контрагенттің келісімшарт бойынша орындалған жұмыстарды / көрсетілген қызметтерді қабылдамау бөлігіндегі міндеттемелерін орындамауымен байланысты шығынға ұшырау тәуекелінен қорғау.	Коммерциялық және саяси
Қаржы институттары мен екінші деңгейдегі банктерге арналған өнімдер			
7	Экспорттық аккредитивтерді сақтандыру	Өнім экспорттаушының банкіне (растайтын банкке) импорттаушының тапсырмасы бойынша экспорттаушының пайдасына құжаттамалық аккредитивті ашқан банк-эмитенттің қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
8	Экспорттық саудалық қаржыландыру	Қазақстандық тауарларды импорттаушыға қолжетімді қаржыландыру экспорттық келісімшарттар бойынша есеп айырысулардың аккредитивтік нысаны шеңберінде ұсынылады.	Коммерциялық және саяси
9	Қарыздарды сақтандыру	Өнім кепілдік қамсыздандыру жеткіліксіз және/немесе кредитор мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде алуға дайын емес болған жағдайда қарыз капиталына қол жеткізуге рұқсат алу мүмкіндігін ұсынады.	Коммерциялық және саяси
10	Жобалық қаржыландыруды сақтандыру	Өнім экспортқа бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қарыз капиталына қол жеткізуге рұқсат алу мүмкіндігін ұсынады.	Коммерциялық және саяси

№	Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
11	Қаржы лизингін сақтандыру	Өнім кепілдік қамсыздандыру жеткіліксіз және/немесе лизинг беруші мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде алуға дайын емес болған жағдайда құрал-жабдықтарды сатып алу үшін лизингтік өнімдерге қол жеткізуге рұқсат алу мүмкіндігін береді.	Коммерциялық және саяси
12	Экспорттаушының қаржы ұйымдарының алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Өнім бенефициардың пайдасына экспорттаушыға берілген кепілдікке сәйкес ақша сомасын кепілгердің төлеуінің нәтижесінде шығын пайда болған жағдайда сақтандыру арқылы қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
13	Шетелдік банк берген банктік кепілдіктерді сақтандыру	Өнім шетелдік банктің экспорттық келісімшарттар бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қаржы институттары мен экспорттаушыларына қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
14	Экспорттаушының жедел валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Валюталық жедел келісімшарттар бойынша міндеттемелерін экспорттаушылардың орындамау тәуекелінен банктерге сақтандыру арқылы қорғауды ұсыну.	Коммерциялық және саяси
15	Халықаралық факторингті сақтандыру	Қазақстандық кәсіпорындардың жеткізген тауары үшін төлем бойынша өз келісімшарттық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен факторингтік операциялар бойынша қаржылық ұйымды сақтандыру арқылы қорғау.	Коммерциялық және саяси
16	Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде несиелік ұйымды сақтандыру	Қазақстандық тауарларды сатып алуға несиелік шарт бойынша негізгі борышты өтеу бойынша міндеттемелерін шетелдік контрагенттің орындамауы бойынша несиелік ұйымды сақтандыру арқылы қорғау.	Коммерциялық және саяси
17	Қаржылық ұйымдардың шығынға ұшырауын сақтандыру	Экспорттаушыларға қаржылық қызметтердің көрсетудің нәтижесінде шығындарды пайда болу тәуекелімен байланысты қаржылық ұйымды сақтандыру арқылы қорғау.	Коммерциялық және саяси
Инвесторларға арналған өнімдер			
18	Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды сақтандыру	Өнім қазақстандық инвесторға экспортты арттыру мақсатымен мемлекеттегі инвестиция салынған мемлекеттегі саяси тәуекелдердің салдарынан шығынға ұшырау тәуекелінен қорғауды ұсынады	Саяси



Сақтандыру өнімдерінің кең спектрі экспорттаушыларға да, қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық операцияларды жүргізуін қаржыландыратын банктерге де тәуекелдерді басқару бойынша барынша көп мүмкіндіктерді береді.

Экспорттаушыға арналған мүмкіндіктер және артықшылықтар	Өнім
Шетелдік сатып алушылардың сенімділігін тегін тексеру	Экспорттық несиелерді сақтандыру
Шетелдік сатып алушы тарапынан төлемге тәуекелін сақтандыру	Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру
	Шетелдік банк берген банктік кепілдіктерді сақтандыру
	Жұмыстарды орындаумен, қызметтерді көрсетумен байланысты экспорттаушының шығындарын сақтандыру
Айналым капиталын толықтыру	Экспорт алды қаржыландыру
	Халықаралық факторингті қаржыландыру
Қазақстандық тауарларды сатып алу үшін шетелдік сатып алушыны қаржыландыру	Экспорттық аккредитивтерді қаржыландыру
	Экспорттық саудалық қаржыландыру
	Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде несиелік ұйымды сақтандыру
Шетелдік сатып алушылардан алғытөлем алу	Алғытөлемдерді қайтару бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
Облигацияларды шығару арқылы капитал тарту	Облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
Кепілдік қамсыздандыру жеткіліксіз болған жағдайда банктен қаржыландыру алу	Қарыздарды ерікті сақтандыру
	Жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру
	Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру
Құрал-жабдықтарды лизингке сату немесе сатып алу	Қаржылық лизингті ерікті сақтандыру
Тендерге қатысу үшін банктік кепілдік алу	Қаржы ұйымдарының алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
	Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру
Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу	Жедел валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
	Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру
Шетелдік инвестицияларды қауіпсіздендіру	Инвестицияларды сақтандыру



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



2018–2022 жылдарға көзделген «ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясының» міндеттерін ескере отырып, KazakhExport негізгі стратегиялық мақсаттары болып қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың көлемін арттыру және қаржылық қолдау көрсетілген экспорттаушылар санын мақсатты мәндерге жеткізу табылады. KazakhExport даму стратегиясы, бір жағынан, экспорттаушылар санын және шикізаттық емес экспорт көлемін арттыруға септігін тигізуі және, екінші жағынан, көрсетілетін қолдау көлемдерін арттыру жағдайларында ұлғайып келе жатқан клиенттік базасының талаптарына технологиялық және ұйымдық тұрғыдан сәйкес келуі тиіс. KazakhExport дамуының стратегиялық бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылар санын арттыру және оралымдық тиімділікті арттыру үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуді қамтиды. Өзінің негізгі қызметі аясында KazakhExport өңдеу саласындағы экспорттаушы кәсіпорындарға және екінші деңгей банктеріне сыртқы саудалық операциялар барысында төлемеу тәуекелінен сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігін кепілдендіреді. Экспорт саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты болып экспорттық себетті диверсификация және шикізаттық емес экспортты озушы қарқынмен өсуін қамтамасыз ету табылады.

Қаржылық қолдау алған экспорттаушылардың санының артуына келесі жолдармен қол жеткізуге болады:

- ◆ өңірлерде қазіргі және әлеуетті экспорттаушыларды тарту;
- ◆ шетелдік өкілдіктер арқылы бизнес-байланыстарды ұйымдастыру;
- ◆ KazakhExport танымалдығын және қызметі жөніндегі ақпараттандыруды арттыру.

Қолдау көрсетілген экспорттаушыға шаққандағы экспорттық мәмілелердің санының артуына келесі жолдармен қолжеткізуге болады:

- ◆ экспорттаушыларға арналған бірыңғай интернет-ресурсты (Digital Baiterek) құру;
- ◆ несиелендіру және сақтандыру қызметтерінің құнын арзандату;
- ◆ бизнес-үдерістерді автоматандыру есебінен тиімділікті арттыру.

ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

GRI 103-2

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен бекітілген Даму стратегиясына сәйкес KazakhExport негізгі стратегиялық мақсаттары экспорттық келісімшарттарды қолдау көлемдерін арттыру және қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар санын көбейту болып табылады. Стратегиялық мақсат-

тарға сүйене отырып, KazakhExport-ң үш стратегиялық даму бағыттары анықталды: экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын көбейту үшін жағдай жасау және операциялық тиімділікті арттыру.

Компанияның стратегиялық мақсаттарға жетуі үш стратегиялық бағыт бойынша топтастырылған қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) бойынша бағаланады:

№	Стратегиялық бағыт	Стратегиялық ҚНК
1	Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру	1) Экспорттық келісімшарттар сомасы 2) KazakhExport қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық пайдасының көлемі 3) Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 4) KazakhExport қолдауын бірінші рет алған экспорттаушылар саны
2	Экспорттаушылар санын көбейту үшін жағдай жасау	5) Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнім көлемі 6) Экспорттық келісімшарттар саны
3	Операциялық тиімділікті арттыру	7) ROA



2020 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕГІ ҚНҚ МАҚСАТТЫ МӘНДЕРІН ОРЫНДАУ

№	Қызметтің негізгі көрсеткіші	Өлш.бірл.	2020 жыл		абс.,	сал., %
			Жоспар	Нақты		
1	Экспорттық келісімшарттар сомасы	млрд теңге	390	588,6	198,6	151%
2	KazakhExport-ң қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі	млрд теңге	328,2	647,2	319	197%
3	Қабылданған сақтандыру міндеттерінің көлемі	млрд теңге	150	134,6	-15,4	90%
4	KazakhExport-ң қолдауын алғаш рет алған экспорттаушылар саны	бірл.	25	40	15	160%
5	Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі (2014 ж. бастап жиналғанын қосқанда)	млрд теңге	328,2	647,2	319	197%
6	Экспорттық келісімшарттар саны	бірл.	353	374	21	106%
7	ROA	%	1	3,7	2,7	370%

2020 жылдың қорытындылары бойынша «Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі» ҚНҚ қоспағанда, Компанияның ҚНҚ-не толық көлемде қол жеткізілді.

Есепті жылдың ішінде 91 кәсіпорынмен, соның ішінде 71 шағын және орта бизнес кәсіпорнымен жалпы сомасы 134,6 млрд теңгеден астам (2019 жылы – 97 млрд теңге) сақтандыру шарттары жасалды. 2020 жылы «Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі» ҚНҚ жоспарлы мәнінің орындалмауы (90%-ға орындалды) COVID-19 пандемиясынан туындаған экономикалық белсенділіктің жалпы құлдырауымен байланысты болды. Қазақстандық экспорттаушылар үшін дәстүрлі нарық болып табылатын бірқатар елдер вирустың таралуын тежеу мақсатында ұзақ мерзімге толығымен жабылды. Одан басқа, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азық-түлік өнімдерінің жекелеген санаттарына бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Үкіметі экспорттың жекелеген баптарына шектеу шараларын енгізді. Көптеген экспорттаушы кәсіпорындар өндіріс көлемін Қазақстан ішінде сұранысты ғана қамтамасыз ететін деңгейге дейін қысқартуға мәжбүр болды. Сонымен қатар берілген

экспорттық сақтандырудың жалпы көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 1,4 есе ұлғайды.

2020 жыл ішінде KazakhExport қолдауын алғаш рет 40 экспорттаушы алды (2019 жылы – 42), жаңа экспорттаушылар саны бойынша жоспарды асыра орындау 160%-ды құрады. 2020 жылы экспорттаушылардың 374 келісімшартына (2019 жылы – 368 келісімшарт) қолдау көрсетілді, жоспардың орындалуы 106%-ды құрады. Компанияның экспорттаушыларға қолдау көрсетуі аясында жасалған экспорттық келісімшарттар сомасы 2020 жылы 588,6 млрд теңге (2019 жылы – 544 млрд теңге) немесе жоспарланған мәннің 151%-ын құрады. Экспорттаушы KazakhExport қолдау құралдарын пайдалана отырып, бірден астам экспорттық келісімшарт жасай алатынын атап өткен жөн.

Есепті жылы KazakhExport қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі жинақталған есеппен 647,2 млрд теңгені құрады (жоспардың орындалуы 197%-ды құрады). Компания активтерінің рентабельділігі (ROA) 2020 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған мәні 1% болғанда 3,7%-ды құрады.

ШЕТЕЛДІК ӨКІЛДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

GRI 102-5

2020 жылы KazakhExport шетелдік өкілдерінің желісі бойынша экспорттық мәмілелерді сақтандыру бойынша 42 жоба іске асырылды, 39 шетелдік импорттаушы тартылды, сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 478,7 млн теңге болатын 9,6 млрд теңге сомасына сақтандыру міндеттемелері қабылданды. Компанияның шетелдік өкілдерінің көмегімен шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы 181 қорытынды берілді, сондай-ақ шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен және басқа да қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 16 келісім мен меморандумға қол қойылды.

2020 жылы іске асырылған KazakhExport шетелдік өкілдерінің қатысуымен жобалардың ішінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- ◆ Тәжікстан Республикасындағы шетелдік өкілімен «Тәжік алюминий компаниясы» МБК тапсырмасы бойынша шығарылған аккредитивтер бойынша экспорттық саудалық қаржыландыру аясында «УПНК-ПВ» ЖШС қыздырылған мұнай коксы өнімінің экспорты, сондай-ақ «Мохир Тичорат» ЖШҚ тәжік компаниясын экспорттық-саудалық қаржыландыру арқылы «KSP Steel» ЖШС компаниясының арматурасын экспорттау бойынша ірі мәмілелер іске асырылды.
- ◆ Өзбекстан Республикасындағы шетелдік өкілдің көмегімен «СарыарқаАвтоПром» ЖШС мен «Nurafshon Avtocentr» ЖШҚ арасында автомобильдердің бірінші партиясын жеткізуге арналған саудалық қаржыландыру аясында жоба іске асырылды. Сондай-ақ экспорттық-саудалық қаржыландыру арқылы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның өзбек компанияларына металлпрокатын экспорттау бойынша ірі мәмілелер жасалды.
- ◆ Ресей Федерациясындағы шетелдік өкілдердің көмегімен жүзеге асырылған сәтті жобалардың бірі болып Ресей Федерациясына жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізу табылады. Атап айтқанда, отандық өнімдер Орал және Сібір федералды округтерінде сөзсіз сұранысқа ие. «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдау шараларының арқасында қазақстандық ауыл шаруашылық компаниялары көмек алды: «AgroFood Kazakhstan» ЖШС, «Грин Капитал» ЖШС, «ArnauAgro» ЖШС.
- ◆ Шетелдік өкілдің көмегімен Қытай Халық Республикасында алғаш рет «Kaz-Ir Agro» ЖШС және Xi'an International Lugang Electronic Commerce Co., Ltd. компаниялары арасында алғытөлемді сақтандыру шарттары бойынша, сондай-ақ «Altyn Shygys» ЖШС мен үш қытайлық инвесторлар арасындағы қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша жобалар іске асырылды.
- ◆ Жаңа құралдың арқасында отандық кәсіпорындар ҚХР-ға экспорттау кезінде алғытөлемдер арқылы айналым капиталын тарта алады.
- ◆ KazakhExport шетелдік өкілі мен Rupingtong (Wuhan) Import and Export Trade Co., Ltd. және Zhonghong Investment серіктестерінің көмегімен қазақстандық өнімді Қытайдың электрондық алаңдарында ілгерілету тақырыбы бойынша екі онлайн-семинар өткізді. Қытай өкілдері өздерінің электрондық алаңына қатысуға қойылатын негізгі талаптар туралы, онлайн-каналдары арқылы импорттық өнімді өткізу бойынша табысты кейстер туралы айтып берді.
- ◆ 2020 жылы KazakhExport экспорттық әлеуеті жоғары барлық елдермен, әсіресе шекара маңындағы мемлекеттермен халықаралық үкіметтік комиссияларға белсенді қатысты.
- ◆ 2020 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Р. Сқярдия және Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Инвестициялар және сыртқы сауда министрі С. Өмірзақовтың кездесуі аясында KazakhExport пен «Кишлоқ курилиш банк» АҚБ арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

2020 жылғы желтоқсанда Бірінші Еуразиялық Конгресс аясында Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) мен KazakhExport арасында қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер экспортының көлемін ұлғайту бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған экспортқа көмектесу саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



T333A-0300

T333A-0


ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ




СЫРТҚЫ ОРТАНЫ ШОЛУ

GRI 102-6


ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ



ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІС



СЫРТҚЫ САУДА



2020 жылы ЖІӨ көлемі номиналды мәнде 70,13 трлн теңгені құрады, бұл 2019 жылғы деңгейден 0,6 трлн теңгеге жоғары. Дегенмен, нақты мәнде ЖІӨ-нің 2,6%-ға төмендеуі орын алды, бұл бірінші кезекте екі локдаун аясында көрсетілетін қызметтер өндірісінің 5,4%-ға төмендеуіне негізделген. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының ЖҚҚ нақты мәнде 5,6%-ға, ал құрылыс саласында 11,2%-ға өсті.

2020 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі заттай көріністе 0,7%-ға төмендеді. Бұл ретте өндіру өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің төмендеуі 3,7%-ды құрады, ал өңдеу өнеркәсібі 3,9%-ға өскенін көрсетті. Өндіруші өнеркәсіптің теріс өсу қарқыны негізінен ОПЕК+ келісімін орындау аясында мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

2020 жылы Қазақстаннан тауарлар экспорты 2019 жылмен салыстырғанда 19,5%-ға төмендеді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда сауда теңгерімінің

нашарлауының негізгі себебі болды. Минералды шикізатты сыртқы нарыққа жеткізу 26%-ға немесе абсолютті түрде 10,85 млрд долларға төмендеді. Дегенмен, шикізаттық емес экспорттың көлемі іс жүзінде өзгеріссіз қалды (2020 жылдағы 16,02 млрд долл. 2019 жылдағы 16,28 млрд долл. қарсы). Бұдан басқа, азық-түлік өнеркәсібі өнімдері экспортының көлемі 13,9%-ға, химия өнеркәсібі өнімдері – 7,1%-ға, ал көлік құралдары – 30,3%-ға өсті.

2020 жылы Қазақстанның сақтандыру нарығында 28 сақтандыру компаниясы жұмыс істеді, оның 19-ы жалпы сақтандыру саласында, ал 9-ы өмірді сақтандырумен айналысты. Қазақстандық сақтандыру компанияларының жиынтық активтері 2020 жылдың 12 айында 23,23%-ға өсіп, 1 486,34 млрд теңгені құрады, ал меншікті капитал 20,26%-ға ұлғайды. Алынған сыйлықақылардың жиынтық көлемі 11,72%-ға өсті, ал бұл кезде сақтандыру төлемдеріне шығыстардың сомасы 32,32%-ға төмендеді.


2019 – 2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2019	2020	Өзгеріс, %
Жыл соңындағы сақтандыру компанияларының саны	28	28	–
Активтер, жыл соңындағы млрд теңге	1 206,14	1 486,34	23,23%
Сақтандыру қорлары	570,21	685,60	20,24%
Меншік капитал, жыл соңындағы млрд теңге	553,33	665,43	20,26%
Сақтандыру сыйлықақылары, бір жылдағы млрд теңге	508,51	568,13	11,72%
Сақтандыру төлемдері, бір жылдағы млрд теңге	221,50	149,92	–32,32%

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ GRI 102-4

Қазақстандық сақтандыру компанияларының көпшілігі қолда бар лицензиялар аясында Экспорттық несие-лерді сақтандыру және төлемеу тәуекелдерінен шетелге инвестицияларды жүзеге асыра алады, алайда KazakhExport Қазақстанның сақтандыру нарығында осы қызметтерді ұсынатын жалғыз сақтандыру компаниясы болып табылады.

2020 жылы Компания жалпы сомасы 588,6 млрд теңге болатын 374 экспорттық келісімшартты орындау кезінде қолдау көрсетті, бұл ретте жиынтық Экспорттық келісімшарттар сомасы 2019 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға өсті. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2019 жылғы 97 млрд теңгеден 2020 жылы 134,6 млрд теңгеге дейін өсті. 2020 жылы 115 экспорттаушы қолдау алды, соның ішінде 40 – бірінші рет.



2020 жылы Компания қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша – 1 197 955 804,68 теңге, соның ішінде 1 143 094 413,51 теңге – қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша, 54 861 391,17 теңге – өзге қаржылық шығындардан сақтандыру шарттары бойынша көлемде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды. Одан басқа, Компания кіріс қайта сақтандыру аясында 76 416 591,96 теңге көлемінде төлемдер жасады.

2020 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ҚҰРАЛДАР БӨЛІГІНДЕ

Құрал	Сақтандыру міндеттемелерінің сомасы, млн теңге	Үлес, жиынға %
Қарыздарды сақтандыру	69 305,32	51,48%
Алғытөлемді сақтандыру	18,70	0,01%
Экспорттық несиелерді сақтандыру	15 860,97	11,78%
Экспорттық құжаттамалық аккредитивтерді сақтандыру	24 272,38	18,03%
Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	14 002,77	10,40%
Халықаралық факторингті қаржыландыру	18,02	0,01%
ФО алдында экспорттаушының АҚЖ сақтандыру	7 943,26	5,90%
Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру	532,50	0,40%
Қайта сақтандыру	2 677,86	1,99%
Жиыны	134 631,79	100,00%

2020 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ БӨЛІГІНДЕ

Сала	Сақтандыру міндеттемелерінің сомасы, млн теңге	Үлес, жиынға %
Азық-түлік өнеркәсібі	43 883,83	32,60%
Машина жасау	34 822,73	25,87%
Металлургия	18 459,78	13,71%
Қызметтерді/жұмыстарды экспорттау	16 791,63	12,47%
Химиялық өнеркәсіп	12 341,04	9,17%
АӨК – дайын өнім	5 158,95	3,83%
Құрылыс материалдары	1 739,85	1,29%
Жеңіл өнеркәсіп	1 397,03	1,04%
Фармацевтика	36,94	0,03%
Жиыны	134 631,79	100,00%

2020 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЕЛ БӨЛІГІНДЕ

Ел	Қабылданған міндеттемелер көлемі, млн теңге	Үлес, жиынға %
Қазақстан	68 269,02	50,71%
Ресей	34 811,00	25,86%
Өзбекстан	26 855,06	19,95%
Тәжікстан	1 228,20	0,91%
Қырғызстан	922,37	0,69%
Литва	545,89	0,41%
Әзірбайжан	419,41	0,31%
Беларусь	342,65	0,25%
Украина	317,27	0,24%
Германия	313,01	0,23%
Басқалары	607,90	0,45%
Жиыны	134 631,79	100,00%

2020 ЖЫЛЫ KAZAKHEXPORT КӨМЕГІМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

№	Экспорттаушы	Сақтандыру өнімі	Сала	Өнім	Қабылданған міндеттемелер көлемі
1	«Qaz Carbon» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Химиялық өнеркәсіп	Кокс пешінің өнімдері	11,5 млрд теңге
2	«EVEREST TECHNO» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Машина жасау	Мұнай кәсіпшілігі және бұрғылау геологиялық барлау жабдығы	10,7 млрд теңге
3	«Altyn Shyghys» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Азық-түлік өнеркәсібі	Тазартылмаған майлар және майлар	8 млрд теңге
4	«Bazis Construction» ЖШС	ФО алдында экспорттаушының АҚЖ сақтандыру	Қызметтерді/жұмыстарды экспорттау	Құрылыс жұмыстарының қызметтері	7,9 млрд теңге
5	«Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру	Машина жасау	Автомобильдер	6,9 млрд теңге
6	«Баян Сұлу» АҚ	Экспорттық несиелерді сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру Қарыздарды сақтандыру	Азық-түлік өнеркәсібі	Кондитерлік өнім	6,6 млрд теңге
7	«Рахат» АҚ	Экспорттық құжаттамалық аккредитивтерді сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Азық-түлік өнеркәсібі	Кондитерлік өнім	5,3 млрд теңге
8	«АкОрда Capital» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру Экспорттық несиелерді сақтандыру	Азық-түлік өнеркәсібі	Шұжық өнімдері	5,3 млрд теңге
9	«Ново-Альджан мелькомбинаты» ЖШС	Қарыздарды сақтандыру Экспорттық несиелерді сақтандыру	Азық-түлік өнеркәсібі	Ұн	2,5 млрд теңге
10	«YDD Corporation» ЖШС	Экспорттық құжаттамалық аккредитивтерді сақтандыру	Металлургия	Ферросилиций	2,2 млрд теңге

«Qaz Carbon» ЖШС, Қарағанды облысы



Кәсіпорын 2017 жылы Қарағанды қаласында құрылды. Негізгі қызмет түрлері ферроқорытпа зауыттары үшін кокс өндіру болып табылады, оның аясында 0-3 мм, 0-10 мм, 3-10 мм және 10-25 мм фракциялы тас көмір коксын сұрыптауды, ұсақтауды және тиеуді жүзеге асырады. Өндірістік қуаты – айына 20 мың тонна кокс.

Компания сондай-ақ конвейерлік тәсілмен шойын және болат өнімдерін құю өндірісін жүргізеді, қолмен қалыптаудың жеке құймаларын орындайды. Кәсіпорын байыту фабрикалары үшін диаметрі 40-100 мм майдалаушы шойын шарларды, құрылыс саласы кәсіпорындары үшін шойын цилиндрлерін, теміржол көлігіне арналған тежегіш қалыптарын, сондай-ақ фасонды құюды өндіреді.

Кәсіпорын байыту фабрикасын, агломерациялық фабрикасын бар ферроқорытпа зауытын салуды және жұмыс істеп тұрған өндірістің қуаттарын ұлғайтуды қамтитын үш кезеңді модернизациялау процесін бастады. Жоба индустриялық-инновациялық дамудың 2015–2019 Мемлекеттік бағдарламасының шарттарына сәйкес келеді және «Бизнес жол картасы-2025» кәсіпкерлікті қолдаудың өңірлік картасына енгізілген. Жобаға салынған инвестициялар көлемі 47 млрд теңгені құрайды, соның 20%-ы кәсіпорынның жеке қатысу үлесі, 80%-ы – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ тарапынан несиелік желі бойынша қаржыландыру.

Жобаның экспорттық бағдарын ескере отырып, «Qaz Carbon» ЖШС KazakhExport тарапынан 11,5 млрд теңге сомаға қарызды сақтандыру арқылы қолдау алды.

«EVEREST TECHNO» ЖШС, Маңғыстау облысы



«EVEREST TECHNO» ЖШС 2019 жылы құрылған және «Морпорт-Ақтау» АЭА» АҚ аумағында орналасқан. «Global Energy Kazakhstan A.T.A.» ЖШС холдинг компаниясының бір бөлігі болып табылады – Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұнай-газ саласындағы тауарлар мен қызметтерді жеткізуші.

Кәсіпорын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қарызы бойынша KazakhExport-тан сақтандыру қорғанысын

алды, оның нысаналы мақсаты кейіннен дайын өнімді Ресей Федерациясына экспорттай отырып, сорғы штангаларын және олардың муфталарын өнеркәсіптік дайындау жөніндегі зауыт құрылысы аясында жабдықтар сатып алу болып табылады.

«Altyn Shyghys» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы



«Altyn Shyghys» ЖШС – «Сей-Нар» Өндірістік кешені» ЖШС еншілес компаниясы. «Сей-Нар» компаниялар тобы қызметінің негізгі түрі ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу және өткізу болып табылады.

«Altyn Shyghys» біріздендірілген май экстракциялық өндіріс құрылысы бойынша инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында құрылды.

«Altyn Shyghys» ЖШС компаниясының өнімі импортты алмастыру есебінен ішкі нарықтың қажеттіліктерін жабуға ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталатын болады. KazakhExport май зауытының құрылысына алынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиелері бойынша қамсыздандыру ретінде 8 млрд теңгеге сақтандыру қорғанысын ұсыну арқылы компанияға қолдау көрсетті. Жобаны іске асырудың арқасында 80 жұмыс орнын құру жоспарлануда. Отандық өндіріс майы экспортқа Қытайға, Өзбекстанға жіберілетін болады. Май зауытының ашылуы 2022 жылдың жазына жоспарланған.

«Bazis Construction» ЖШС, Алматы қаласы



«Bazis Construction» ЖШС «Базис-А» компаниялар тобының құрылыс бөлімшесі болып табылады. Кәсіпорында 8 200 адам жұмыс істейді.

Өз қызметінің географиясын кеңейту мақсатында компания Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласында әкімшілік ғимарат салу жобасын іске асыруда.

Кәсіпорынға берілген банк кепілдігі KazakhExport-тың «Экспорттаушының қаржы ұйымы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру» құралының көмегімен жалпы сомасы 7,9 млрд теңгеге сақтандырылған.

«Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС, Алматы қаласы



«Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС («Астана Моторс» еншілес кәсіпорны) жеңіл автомобильдер өндіретін отандық зауыт пластикалық бөлшектерді дәнекерлеу, бояу, құрастыру, бояу цехтары мен компоненттер қоймасын қоса алғанда, Оңтүстік Корея өндірісінің жаңа жабдығымен жабдықталған.

Ірі торапты құрастырылған алғашқы автомобиль 2020 жылдың сәуір айында желіден шығып кеткен. 2020 жылдың күзінде дәнекерлеу және бояу операцияларын қоса алғанда, ұсақ торапты құрастыру желісі іске қосылды.

«Қазақстанның Даму банкі» АҚ Өзбекстанға Hyundai автомобильдерін жеткізу үшін Hyundai Trans Kazakhstan зауытының экспорт алдындағы операциясын қаржыландырды, ал KazakhExport 6,9 млрд теңге сомасында қарызды сақтандырды. Сақтандыру қорғанысын ұсыну кейіннен экспортқа өткізе отырып, автомобильдер өндірісі үшін машина жинақтарын сатып алу қажеттілігіне негізделген.

«Баян Сұлу» АҚ, Қостанай облысы



«Баян Сулу» АҚ Қазақстан Республикасының кондитерлік өнімдерді өндіру бойынша ірі кәсіпорындарының бірі болып табылады. 1974 жылы жылы құрылған кондитерлік фабрика қазіргі таңда жалпы өндірістік қуаттарының көлемінің шамамен 30%-ды экспорттайды.

Өнімдері Ресей, Қытай, Германия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Моңғолия және Әзербайжан сияқты елдерге жөнелтіледі. Жыл сайын бүкіл әлем бойынша қазақстандық кәсіпорынмен өндірілген шоколадының,

күлшелерінің, карамелінің және өзгедей тәттілерінің шамамен 20 мың тоннасы тұтынылады.

Фабрика «Қазақстанның Даму банкі» АҚ қарыздарын ерікті сақтандыру түрінде KazakhExport көрсететін мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсіпорын өзінің айналым капиталын толықтыру мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ, шетелдік сатып алушылармен келісімшарттар бойынша төлем жасамау тәуекелдерін сақтандырудың көмегімен «Баян Сұлу» АҚ экспортты жоспарлы түрде ұлғайтуда.

Кәсіпорынның экспорты 2020 жылы 19 мың тоннадан астам дайын өнімді құрады, соның 15 мың тоннадан астамы KazakhExport-тың сақтандыру қолдауымен экспортталды.

«Рахат» АҚ, Алматы қаласы



«Рахат» АҚ тарихы 75 жылдан бері келе жатқан Қазақстандағы кондитерлік өнімдердің ең ірі өндірушілердің бірі болып табылады. Өндірістік қуаттары Алматы қ. және Шымкент қ. екі алаңда орналасқан. Қазіргі таңда «Рахат» АҚ ассортименттік қоржынында 14 түрлі топтарға жаттатын түрлі кондитерлік өнімдердің 400 астам атауы бар.

Қазіргі таңда «Рахат» АҚ өнімдері қазақстандық нарықта ғана емес, республикадан тыс шалғай жерлерде де – Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Германия, Қытай, Ауғаныстан, Моңғолия аумақтарында да танымал. Болашақта, «Рахат» АҚ өнімдеріне ТМД өзге республикаларының және алыс шетелдерінің тарапынан қызығушылық танытылуына байланысты.

KazakhExport құралдарының көмегімен фабрика төлем мерзімі ұзартылған өнімді Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Ресей Федерациясы, Моңғолия, Германияға беретін контрагенттерге өз жеткізілімдерін сақтандырды.

«Экспорттық саудалық қаржыландыру» өнімін пайдалану арқылы KazakhExport 410 млн теңге сомасына өнімді сатып алу үшін «Рахат» АҚ ресейлік импортушының рублімен жеңілдікті қаржыландыруды қамтамасыз етті.

«АкОрда Capital» ЖШС, Қарағанды облысы



Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ІҚМ етін, шошқа етін, тауық етін өңдеу болып табылады. 2020 жылы кәсіпорында 3 мың тоннадан астам ет өнімдері өндірілді. Коронакризиске қарамастан экспорт көрсеткіштері 2019 жылмен салыстырғанда 5%-ға өсті.

Соның ішінде Ресей Федерациясына 4,1 млрд теңгеге 932 тоннадан астам өнім өткізілді. Өнім KazakhExport құралы арқылы сақтандырылған.

Сондай-ақ, кәсіпорын KazakhExport қолдауының арқасында айналым капиталын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ арқылы толықтыруға мүмкіндігі бар.

«Ново-Альджан мелькомбинаты» ЖШС, Ақтөбе облысы



Ново-Альджан мелькомбинаты 25 жылдық тарихы бар өндіруші. Кәсіпорында жалпы сыйымдылығы 104 мың тоннадан астам дайындау элеваторы бар, ол 1983 жылы жұмысын бастады, 1990 жылы іске қосылған сыйымдылығы 31,35 мың тонна өнеркәсіптік элеваторы бар. Сол жылы өнімділігі тәулігіне 500 тонна, швейцариялыққа ұқсас жабдығы бар үш сұрыпты ұн тарту зауыты пайдалануға берілді. Кәсіпорында 300-ден астам адам еңбек етеді.

«Ново-Альджан мелькомбинаты» ЖШС – Ақтөбе облысындағы ең ірі ұн өндіруші және ай сайын Granum сауда маркасымен орта есеппен 8 000 тонна өнім өндіреді. Өнім ішкі нарыққа да, сыртқы нарыққа да бағытталған және Өзбекстан, Ауғанстан, РФ, Түркменстан, ҚХР-на экспортталады.

KazakhExport кәсіпорынға «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да айналым қаражатын толықтыруға міндеттемелері бойынша сақтандыру қорғанысын көрсетеді.

«YDD Corporation» ЖШС, Қарағанды облысы



«YDD Corporation» компаниясының ферроқорытпа зауытының ресми ашылуы 2019 жылдың шілде айында өтті. Қазіргі уақытта зауытта қуаттылығы 85 МВА үш электр доғалы пеш жұмыс істейді, бұл кәсіпорынға жыл сайын 180 мың тонна дайын өнім шығаруға мүмкіндік береді. Құрылыс кезеңінде 1500-ден астам жұмыс орны құрылды, ал пайдалану кезеңінде 550 адам жұмыс істейді.

Зауыт жаңа технологияларды қолдана отырып салынған, өндіріс процесі толығымен автоматтандырылған. Зауыттың өнімі – жоғары сапалы ферросилиций (FeSi75) – электр техникалық, серіппегіш-серіппелі, коррозияға қарсы және ыстыққа төзімді болаттарды балқыту кезінде қышқылдандыратын және қоспалайтын қоспа ретінде пайдаланылады. Жалпы алғанда, ферроқорытпалардың бұл түрі әлемде барлық жерде, атап айтқанда өнеркәсіптік және азаматтық құрылыста, автомобиль, әуе және кеме жасауда, дәлдігі жоғары хирургиялық құралдарды шығару кезінде металл конструкцияларының сапасын арттыру үшін қолданылады. Шығарылатын өнім әр түрлі және кремнийдің пайыздық құрамына байланысты 45-тен 75%-ға дейін өзгереді. Ұнтақтау-сұрыптау кешенінің жұмысының арқасында өнім фракциялардың кең интервалында – 0-ден 315 мм дейін шығарылады.

Зауытта шығарылатын газдарды тазартудың әлемде баламасы жоқ бірегей жүйесі енгізілді, ол ауаны сүзудің жоғары – 99,8%-ға дейін деңгейін құрайды. Бұл кешен өндірістен шаңды ұстап, оны жанама өнім – микрокремнеземге айналдырады, содан кейін оны жоғары сапалы цемент пен бетон шығару үшін пайдалануға болады.

Кәсіпорын РФ-дағы «Экспорттық саудалық қаржыландыру» сияқты KazakhExport құралын пайдаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



GRI 201-1, 201-4

2020 жылы KazakhExport-тың меншікті капиталы негізінен қосымша капиталдандыруды жүргізу есебінен 79,19-дан 109,44 млрд теңгеге дейін өсті. Компанияның активтері бағалы қағаздарға инвестиция салумен және қаражатты банктік депозиттерге орналас-тырумен байланысты баптардың өсуі есебінен 88,20-дан 122,87 млрд теңгеге дейін өсті. Міндеттемелердің 9,01-ден 13,43 млрд теңгеге дейін өсуі сақтандыру шарттары бойынша резервтердің өсуіне байланысты болды.

2020 жылы есептелген сақтандыру сыйлықақылары 3,75 млрд теңгені құрады (2019 жыл-мен салыстырғанда өсім 64,47%). Табыс тапқан сақтандыру сыйлықақылары 1,78 млрд теңгеге жетті, бұл 2019 жылдың қорытындыларына қарағанда 13,38%-ға артық.

Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда 2019 жылмен салыстырғанда 67,41%-ға өсіп, 4,52 млрд теңгені құрады.

	2020	2019	Өзгеріс, %
Теңгерім құрылымы, жыл соңына млрд теңге			
Активтер	122,87	88,20	39,31%
Міндеттеме	13,43	9,01	49,06%
Меншік капитал	109,44	79,19	38,20%
Кірістер, шығыстар және пайда (елеулі баптар), жылдағы млрд теңге			
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто	3,75	2,28	64,47%
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақылары, нетто	1,78	1,57	13,38%
Шағымдар төленген, нетто	(1,27)	(0,24)	429,17%
Таза пайыздық кірістер	7,21	4,83	49,28%
Шетел валютасы бар операциялардан түскен таза пайда	1,15	0,62	85,48%
Жалпы әкімшілік шығыстар	(1,76)	(1,65)	6,67%
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	4,52	2,70	67,41%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(0,65)	(0,34)	91,18%
Бір жылдағы пайда	3,86	2,36	63,56%


3,75 МЛРД
ТЕҢГЕ

2020 жылы есептелген сақтандыру сый-лықақылары 3,75 млрд теңгені құрады

1,78 МЛРД
ТЕҢГЕ

Табыс тапқан сақтандыру сыйлықақылары 1,78 млрд теңгеге жетті

САТЫП АЛУЛАР ТӘЖІРИБЕСІ



GRI 103-2, 204-1

Сатып алулар процедуралары Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2019 жылдың 31 қазанындағы № 1201 бұйрығымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және өздерінің дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алулардың жаңа Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Өткізілетін сатып алу процедураларының сапасын жетілдіру және жақсарту мақсатында Компания электрондық сатып алудың заманауи құралдарын енгізді. Атап айтқанда, Компания еер.mitwork.kz Еуразиялық электрондық порталының электрондық сатып алуының интернет-алаңын пайдалануды жалғастыруда, онда кез келген әлеуетті жеткізуші тіркеліп, тиісті өтінімдер бере алады.

Сатып алудың жалпы қабылданған қағидаттарын, соның ішінде сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, сондай-ақ сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын сақтау мақсатында Компания әлеуетті жеткізушілердің конкурстық массасын және олардың арасындағы бәсекелестікті арттыруға ұмтылады.

2020 жылдың ортасынан бастап Компания еер.mitwork.kz сатып алу порталында жариялаудан басқа, сондай-ақ, әлеуетті жеткізушілерге жоспарланатын сатып алу туралы ақпараттық таратылымдарды жіберуді, Сатып алу жоспарын уақтылы орналастыруды және оған енгізілген өзгерістерді өзінің ресми сайтында goszakur.gov.kz мемлекеттік сатып алу порталында ақпараттық хабарландыруларды қайталай бастады, онда әлеуетті жеткізушілердің ең көп саны тіркелген. Мұндай тәсіл әлеуетті жеткізушілердің конкурстық массасын 2 еседен артық ұлғайтуға, осылайша бәсекелестік деңгейін ұлғайтуға және Компанияның жоспарланған жылдық бюджетінің жалпы сомасынан 30-40%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сыңайлы сектордың сатып алу саласындағы осы және басқа да міндеттерді тиімді іске асыру мақсатында 2020 жылы Компанияда Сатып алу департаменті, ал бақылау функциялары үшін Холдингте Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет құрылды.


Одан басқа, бұзушылықтар үшін жауапкершілікті белгілеу мақсатында Компанияның сатып алуына «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданылады.

2020 жылы Компанияның тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуының жалпы көлемі 578 млн теңгені құрады (қызметтер – 436 млн теңге, тауарлар – 103 млн теңге, жұмыстар – 6 млн теңге); жеткізушілер ретінде 120 компания болды. 2020 жылы сатып алынған тауарлардағы, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың жалпы үлесі 70%-дан асты.

Сатып алу процедураларының ашықтығын арттыру бойынша іс-шаралар аясында Компанияда тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу үлесі 2019 жылғы 36%-дан 2020 жылы 25%-ға дейін қысқартылды.

Бір көзден сатып алу кезінде жеткізушіні таңдау конкурстық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылатынын атап өту қажет.

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР МЕН МІНДЕТТЕР



- ◆ Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша экспорттаушыларға **200 млрд теңгеге** дейінгі сомаға және экспорттық саудалық және экспорт алды қаржыландыру шеңберінде **37,1 млрд теңгеге** кешенді қолдау көрсету.
- ◆ KazakhExport **5 млрд теңге** сомаға капиталдандыру.
- ◆ Экспортты кешіктірген жағдайда мемлекеттік кемілдік лимитін арттыру.
- ◆ Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісінің қарауында тұрған «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында іске асырылатын отандық тауарлар мен қызметтерді шетелдік сатып алушыларды саудалық қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялау механизмін сүйемелдеу.
- ◆ Компания базасында құрылатын «Қазақстан Республикасының экспорттық-несиелік агенттігі туралы» және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграциялау министрлігі әзірлеп жатқан «Қазақстанда шығарылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортын дамыту және сыртқы нарықтарға ілгері шығару бойынша шараларды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының жобаларын мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісу процедурасын сүйемелдеу.

5 МЛРД
ТЕҢГЕ

KazakhExport **5 млрд теңге** сомаға
капиталдандыру



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

KazakhExport корпоративтік басқаруды Компания қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оның капитал тартуға жұмсайтын шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. KazakhExport корпоративтік басқарудың тиісті жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың басымдылығын қамтамасыз етуге өз үлесі және қазіргі экономика мен жалпы қоғамдағы KazakhExport-ң орнын анықтайтын фактор ретінде қарастырады.

Компанияның корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында KazakhExport ішіндегі және басқа мүдделі тараптармен қатынастарда тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік әдептің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін KazakhExport өз қызметі барысында басшылыққа алатын ережелер мен ұсынымдар жиынтығы болып табылатын Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қабылданды.

2020 жылы KazakhExport «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 51/17 шешімімен (2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 61/19 өзгертулерімен және толықтыруларымен бірге) бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген қағидалар мен ережелерді сақтауға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды.

Компания Корпоративтік басқару кодексінің сақталуын мониторингтеу нәтижелерін және оның қағидалары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтитын 2020 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындады. Компанияда Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелері сақталады және корпоративтік басқару процедураларын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

KazakhExport-те корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауаптылық, ашықтық, айқындық, кәсіпқойлық және құзыреттілік негіздеріне сүйенген. Компанияның корпоративтік басқару жүйесі KazakhExport органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті анық бөлуді көздейді.

Компанияда корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидалары мыналар болып табылады:

- ◆ өкілеттіктерді бөлу қағидасы;
- ◆ Дара тұлғалы акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
- ◆ Директорлар кеңесінің және Басқарманың KazakhExport-ты тиімді басқару қағидасы;
- ◆ тұрақты даму қағидасы;
- ◆ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидасы;
- ◆ корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу қағидасы;
- ◆ ақпаратты ашудың айқындығы және ашықтығы қағидасы.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 100 100 000 000 (жүз миллиард бір жүз миллион) теңгені, жарияланған жай акциялар саны 92 000 (тоқсан екі мың) дананы,

орналастырылған акциялар саны 91 340 (тоқсан бір мың үш жүз қырық) дананы құрады. Орналастырылған акциялардың 100% ұстаушысы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.


ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтер мөлшерін анықтау тәртібіне сәйкес төлеуге жататын дивидендтердің мақсатты мөлшері шоғырландырылған таза пайданың 30%-ын құрайды. Осыған байланысты Компания 2017 және 2018 жылдар үшін таза пайданың 30% мөлшерінде (сәйкесінше 639 млн теңге және 475 млн теңге) дивиденд төледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 23.03.2020 жылғы коронавирусқа байланысты жағдай және дағдарысқа қарсы шаралар мәселелері бойынша тапсырмасын орындау үшін (Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2-тармағының 34-тармақшасы) Компания 2019 жылы алынған таза пайданың 100% мөлшерінде шамамен 2,36 млрд теңге сомасына дивиденд төледі.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

GRI 102-10, 102-18



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Компанияның Директорлар кеңесі Дара тұлғалы акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалардан, Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалардан құралады.

Компанияның және оның Комитеттерінің Директорлар кеңесінің құрамы Компания қызметінің салалық ерекшелігін, қызмет масштабтарын, Директорлар кеңесі комитеттерінің қарайтын мәселелерін ескере отырып, олардың мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесінің және білімдерінің Компания және Дара тұлғалы акционер мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін теңгерімін қарастыру керек.

Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Дара тұлғалы акционер анықтайды. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы қызмет масштабтарын, ағымдағы міндеттерді, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке дара анықталады.

Дара тұлғалы акционер Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компания жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып сайлайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның жаңа құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері ескеріледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында кандидаттарды іріктеп алу кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) басқарушы қызметтердегі жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжіриесі;
- 3) жұмыс өтілі;

- 4) білімі, мамандығы, оған қоса халықаралық сертификаттарының болуы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша (салалар активтер қоржынына байланысты өзгеруі мүмкін) құзыреттердің болуы;
- 6) іскерлік беделдік;
- 7) тікелей немесе әлеуетті мүдделер шиеленісінің болуы.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі, егер Дара тұлғалы акционердің шешімімен өзгеше көзделмеген болса, Компанияның бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімімен бірдей болады және Дара тұлғалы акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады.

Тәуелсіз директорлар кеңесінің қатарынан бір тұлға Компанияның Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз реттен артық рет сайланбайды (мысалы, үш жылдық үш мерзім). Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан артық жылға сайлауға рұқсат етіледі, бұл ретте Компанияның Директорлар кеңесіне мұндай тұлға жыл сайын немесе Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігіне және осы фактінің шешім қабылдау қажеттігіне әсеріне егжей-тегжейлі түсіндірме беріле отырып, басқа мерзімге сайлауға жол беріледі.

Корпоративтік басқару кодексіне, KazakhExport Директорлар кеңесінің Қызметін бағалау туралы ережесіне сәйкес – Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігі жыл сайын бағаланады. Бұл ретте үш жылда бір рет мұндай бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды қатыстыра отырып жүргізілуі керек.

Тиімділікті бағалаудың басты міндеті Кеңестің, комитеттердің, Корпоративтік хатшының ағымдағы қызметі және Директорлар кеңесі құрамының теңдестірілгендігі туралы объективті ақпарат алу, директорлардың Кеңес пен комитеттердің құрамына жеке салған үлестерін талдау, Директорлар кеңесі жұмысының практикасын әрі қарай дамыту бағыттарын анықтау болып табылады.



2020 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы

	KazakhExport Директорлар кеңесіндегі лауазымы, ТАӘ	Кезеңі	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
	Директорлар кеңесінің Төрағасы Сұлтанов Бақыт Тұрлыханович	21.08.2019 – қазіргі уақытқа дейін	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі
	Директорлар кеңесінің мүшесі Азамат Асқарұлы	06.11.2019 – қазіргі уақытқа дейін	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі 24.12.2020 бастап – «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығының бас директоры
	Директорлар кеңесінің мүшесі Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	08.02.2017 – 31.01.2018 08.02.2017 – 21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы
	Директорлар кеңесінің мүшесі Омаров Марат Талғатұлы	22.01.2020 – 28.10.2020	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі
	Директорлар кеңесінің мүшесі Қарағойшин Рустам Тимурұлы	28.10.2020 – қазіргі уақытқа дейін	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
	Директорлар кеңесінің мүшесі Искаков Руслан Викторович	15.02.2016 – 31.01.2018 15.02.2016 – 21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	«KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқарма Төрағасы
	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	15.02.2016 – 31.01.2018 15.02.2016 – 21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Самақова Айткүл Байғазықызы	13.09.2016 – 31.01.2018 13.09.2016 – 21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Дильдяев Ярослав Григорьевич	13.09.2017 – 31.01.2018 13.09.2017 – 21.05.2019 22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	
	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Майкл Вайнштайн	22.05.2019 – қазіргі уақытқа дейін	

2020 жылдың ішінде KazakhExport Дара тұлғалы акционері Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту бойынша келесі шешімдерді қабылдады.

«KazakhExport» ЭСК» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 05/20 хаттамасы):

1. Омаров Марат Талғатұлы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі етіп, жалпы алғанда «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттіктер мерзімімен Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде сайлансын.
2. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы шешім «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Дара тұлғалы акционерінің шешімі болып табылады және 2019 жылғы 2 мамырда күшіне енеді.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау туралы («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 28 қазандағы № 53/20 хаттамасы):

1. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мүшесі Омаров Марат Талғатұлының өкілеттіктерін 2020 жылдың 21 қазанынан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылсын.
2. Қарағойшин Рустам Тимурұлы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзіммен Дара тұлғалы акционердің өкілі ретінде «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.
3. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.
4. Осы шешім «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Дара тұлғалы акционерінің шешімі болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2020 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі 14 отырыс: 8 отырыс – күндізгі нысанда және 6 отырыс – сырттай нысанда өткізді. Мәселелерді жан-жақты қарауға арналған материалдар, түсіндірме хаттар мәселелерді жан-жақты қарау үшін KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасына және мүшелеріне Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген мерзімде, отырыс өткізілгенге дейінгі 10 (он) жұмыс күн бұрын жіберілді.

2020 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері отырыстарға тиісті тәртіппен барды және оның жұмысына белсенді қатысты.

Есепті кезеңнің ішіндегі KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің пайыздық шамадағы отырыстарға қатысуы 93%-ды құрайды.

ТАӘ	Күндізгі нысан	Сырттай нысан
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханович	7*/8*	6*/6**
Искаков Руслан Викторович	8*/8*	6*/6**

ТАӘ	Күндізгі нысан	Сырттай нысан
Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	8*/8*	6*/6**
Самақова Айткүл Байғазықызы	8*/8*	6*/6**
Вайнштайн Майкл	7*/8*	6*/6**
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	5*/8*	5*/6**
Дильдяев Ярослав Григорьевич	8*/8*	6*/6**
Омаров Марат Талғатұлы	5*/5*	4*/6**
Азамат Асқарұлы	7*/8*	6*/6**
Қарағойшин Рустам Тимурұлы	3*/3*	2*/2**
* Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны.		
** Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін болған отырыстардың жалпы саны.		

2020 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарында жалпы 128 мәселе қаралды.



Директорлар кеңесінің комитеттері

KazakhExport дамуын Директорлар кеңесіне жан-жақты негізделген ұсынымдарды жасап шығару арқылы басқару тиімділігін арттыру мақсатында KazakhExport-та үш консультативтік-кеңестік орган (Комитеттер) құрылған және жұмыс істейді.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

№	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы
2	Комитет мүшесі	Қарағойшин Рустам Тимурұлы
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

№	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Самақова Айткүл Байғазықызы
2	Комитет мүшесі	Қарағойшин Рустам Тимурұлы
3	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

№	Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қарағойшин Рустам Тимурұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Дара тұлғалы акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі

Комитеттер әзірлеген ұсыныстардың барлығы KazakhExport Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдар болып табылады.


Корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сай болу мақсатында Комитеттердің құрамына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тиісті бөлімшелерінің қызметкерлерінің арасынан нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) кіреді. 2020 жылдың ішінде Комитеттердің хатшысы KazakhExport корпоративтік хатшысы Оралбаева А.Р. болып табылады.

2020 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттері KazakhExport мекенжайы бойынша күндізгі нысанда және бейне-конференц-байланыс арқылы отырыстар өткізді.

160

МӘСЕЛЕ

2020 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттері жалпы 160 мәселені қарады.



БАСҚАРМА

2020 жылы Басқарманың құрамы:

№	Лауазымы, ТАӘ	Кезеңі (күні, айы, жылы)	Басқарма құрамына кірген күні
1	Басқарма Төрағасы Искаков Руслан Викторович	15.02.2016 – қазіргі уақытқа дейін	15.02.2016 жылы Қоғамның Дара тұлғалы акционерінің шешіміне («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 11.02.2016 жылғы № 05/16 хаттамасы) сәйкес сайланды.
2	Басқарма Төрағасының орынбасары Бекхожин Ердан Ерланұлы	02.10.2014 – қазіргі уақытқа дейін	02.10.2014 жылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 30.09.2014 жылғы № 83 шешімі) сайланды.
3	Басқарма Төрағасының орынбасары Калигазин Аслан Ермақұлы	01.10.2018 – қазіргі уақытқа дейін	01.10.2018 жылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 26.09.2018 жылғы № 8 шешімі) сайланды.
4	Басқарушы директор – Басқарма мүшесі Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	12.07.2016 – қазіргі уақытқа дейін	12.07.2016 жылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 12.07.2016 жылғы № 104 шешімі) сайланды.
5	Басқарушы директор – Басқарма мүшесі Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы	17.10.2016 – 17.03.2020	17.10.2016 жылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 14.10.2016 жылғы № 106 шешімі) сайланды.

Есепті кезеңнің ішінде KazakhExport Басқармасы 86 күндізгі отырыс өткізді, 369 мәселе қарады, олар бойынша тиісті шешім қабылдады.

2019/2020 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Мәселенің тақырыбы	2019 жылы қаралған мәселелердің саны	2020 жылы қаралған мәселелердің саны	Ауытқуы
Аудит мәселелері	33	31	-6%
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері	8	13	+63%
Кадрлық мәселелер	41	41	-
Жоспарлау және есептілік	58	76	+31%
Мәмілелер / инвестициялық жобалар / бағалы қағаздар	67	98	+46%
ІНҚ бекіту мәселелері	70	91	+30%
Басқа мәселелер	27	19	-30%
Жиыны	304 мәселе	369 мәселе	+ 21%

БАСШЫЛЫҚҚА СЫЯҚЫ БЕРУ

KazakhExport Басқармасының мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидалары KazakhExport Директорлар кеңесімен бекітілген жылдың ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының басқарушы қызметкерлеріне Еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру ережелерінде көрсетілген.

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидалары:

- ♦ сыйақының KazakhExport пен акционер мүдделеріне сай келетін міндеттері орындаумен өзара байланысы;
- ♦ сыйақы мөлшерін анықтау қағидасының қарапайымдылығы және ашықтығы;
- ♦ сыйақы мөлшерінің қызмет нәтижелеріне тәуелділігі.

KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін, сондай-ақ тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу, шығындарын өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері және шарттары KazakhExport Дара тұлғалы акционердің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметкер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшесіне және KazakhExport Дара тұлғалы акционерінің қызметкерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Сәйкесінше, сыйақы тек қана Директорлар кеңесінің мүшелеріне – KazakhExport тәуелсіз директорларына төленеді, Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП ЖӘНЕ ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ GRI 102-16

Өз қызметінде KazakhExport келесі негіз қалаушы корпоративтік құндылықтар мен қағидаларды енгізеді және іске асырады:

1. меритократия;
2. жауапкершілік;
3. кәсіпқойлық және даму;
4. өзара құрмет және сенім;

5. адалдық және ашықтық;
6. командалық рух.

KazakhExport қызметіндегі құндылықтар, қағидалар және іскерлік мінез-құлық нормалары барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар басшылыққа алуға тиіс іскерлік әдептің негізін қалаушы құндылықтары мен қағидаларын белгілейтін ережелер жиынтығын білдіретін Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген.

Компанияда Омбудсмен институты жұмыс істейді, оның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1. KazakhExport қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының өтініштерін қарау және оларды шешу үшін, соның ішінде мемлекеттік органдармен, KazakhExport басқару органдарымен өзара әрекеттесе отырып ұсыным шығару;
2. KazakhExport-ты моральдық-этикалық ахуалдың күйі туралы есепті жыл сайын құра отырып, осы Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу және сақтамау фактілері бойынша мәлімет жинау;
3. қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Іскерлік әдеп кодексінің ережелері бойынша кеңес беру;
4. Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық ету және соттан тыс және сот тәртібімен оларды реттеуге қатысу.

KazakhExport Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 ақпандағы №1 шешіміне сәйкес 2020 жылдың 2 наурызынан бастап Омбудсмен болып «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Комплаенс-қызметінің басшысы Арыстанбеков Равиль Ильзатович тағайындалды.

KazakhExport-та Омбудсменмен тікелей байланыс механизмдері құрылған және жұмыс істейді. Оларды Қоғамның өз қызметкерлері де, басқа мүдделі тұлғалар да пайдалана алады: олар Омбудсменге телефон арқылы тікелей байланысу, оның электрондық поштасына жазу, сондай-ақ пошта арқылы жіберілген жазбаша түрдегі жүгінулер.

2020 жылы Омбудсменнің мекенжайына Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзу бойынша жүгінулер орын алған жоқ.

Есепті кезеңнің ішінде «Ernst & Young» шақырылған халықаралық компаниясы KazakhExport қызметкерлерінің жұмылдырылуын және қанағаттануын жыл сайын зерттеу шеңберінде құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында олармен компьютерлік тәсілмен сауалнама жүргізілді. Осы сауалнамаға Компания қызметкерлерінің 95% қатысты. Зерттеу нәтижелері бойынша «Ernst & Young» компаниясы KazakhExport қызметкерлерінің жұмылдырылу және еңбек жағдайларына қанағаттану деңгейі 85%-ды құрайтыны анықталды, бұл 2019 жылдың деңгейінен 11 позицияға

жоғары (2019 жылы қызметкерлердің жұмылдырылу және қанағаттану деңгейі 74%-ды құрады). Одан басқа, зерттеу нәтижелері персоналдың тартылуының барлық компоненттерінің, оған қоса эмоциялық және әрекетті тартылушылықтың, қайтарым индексінің және қолдау индексінің жақсарғанын көрсетіп отыр.

Есепті кезеңнің нәтижелері бойынша қызметкерлердің және KazakhExport Басқарма Төрағасы тұлғасындағы жұмыс берушінің арасында еңбек даулары немесе шиеленістер анықталған жоқ.

Компанияда қайшылықтарды сотқа дейін реттеу тәртібі мен процедураларын, сондай-ақ осы мәселелер аясында KazakhExport компаниясының органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің іс-қимылын регламенттейтін Корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығын реттеу бойынша саясат әрекет етеді.

Атап айтқанда, Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті:

- ♦ шиеленістердің туындауына әкелуі мүмкін іс-әрекеттерді жасаудан және шешім қабылдаудан тартынуға;
- ♦ KazakhExport-ты заңға қарсы қызметті жүзеге асыруға тарту мүмкіндігін болдырмауға;
- ♦ бухгалтерлік есептіліктің жіне Дара тұлғалы акционерге және мүдделі тұлғаларға реттеу және қадағалау органдарына берілетін өзге ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге;
- ♦ туындайтын шиеленістердің олардың пайда болуының ерте кезеңдерінде анықталуын қамтамасыз ету;
- ♦ Корпоративтік шиеленістерді және мүдделер шиеленісін реттеу бойынша саясатта көзделген өзге іс-шараларды жүзеге асыру.

Корпоративтік шиеленістердің пайда болғаны туралы лауазымды тұлғалар Корпоративтік хатшыға тиісті өтініш беру арқылы уақтылы хабарлау керек.

2020 жылы Компания қызметінде корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісінің пайда болу жағдайлары болған жоқ.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

KazakhExport Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 тамыздағы №8 шешімімен Компанияның құрылымында негізгі міндеттері төмендегідей болып табылатын Комплаенс-қызмет құрылды:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында анықталған тәртіппен KazakhExport қызметінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл және терроризмді қаржыландыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
2. Заңнама талаптарына сәйкес KazakhExport-та Комплаенс-тәуекелді басқару бойынша саясатты іске асыруды қамтамасыз ету және оның іске асырылуын бақылау;
3. Компанияда алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жүйесін ұйымдастыруды және оның жұмысын қамтамасыз ету.

Есепті кезеңнің ішінде Компанияда қызметтердің (өнімдердің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) тәуекелінің жоғары деңгейлеріне шалдығыуына және терроризмді қаржыландыруға жол берілген жоқ.

KazakhExport-ң клиенттердің іске асырылуы ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (FATF) ұсынымдарын орындамайтын немесе толық орындамайтын, немесе офшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген немесе оларға қатысты Біріккен Ұлттық ұйымының Қауіпсіздік кеңесінің резолюцияларымен қабылданған халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын мемлекеттер (аумақтар) тізбесіне енгізілген мемлекеттердің аумағында

жоспарланған жобаларын сақтандыру жағдайларына жол берілген жоқ.

KazakhExport персоналы қашықтан жұмыс режиміне көшкен жағдайда бүкіл есепті кезеңнің ішінде Компанияның жалпы корпоративтік даму стратегиясының бұзылуына алып келуі мүмкін болған комплаенс-тәуекелді іске асыру жағдайларына жол берілген жоқ.

Комплаенс-қызметі барлық құрылымдық бөлімшелермен өз жұмыс бағыттары бөлігінде тұрақты негізде өзара әрекеттеседі.

Есепті кезеңнің ішінде Компанияның жұмысында репутациялық тәуекелдер туындаған жоқ: қаржылық қызметтерді тұтынушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың немесе басқа клиенттердің) тарапынан, сондай-ақ басқа тұлғалардың, оған қоса Компания жүргізген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуларға қатысушылардың тарапынан шағымдар, наразылықтар немесе басқа жүгінулер келіп түскен жоқ.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық реттегіш белгілеген лимиттерді, пруденциялық нормативтерді, басқа да қаржылық реттегіш белгілеген міндетті лимиттерді бұзу жағдайларына KazakhExport жол берген жоқ.

2020 жылдың ішінде Компания сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретіндегі қаржылық жағдайының нашарлауына әсер еткен факторлардың басталуына жол берілген жоқ.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Компаниядағы комплаенс-тәуекелді басқару тиімділігін басқару органы қанағаттанарлық деп таныды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ GRI 103-2

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру аясында және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мүдделер шиеленісін болдырмау және шешу бойынша жұмыс жүргізеді.

Есепті жылдың ішінде KazakhExport-та 2019–2020 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарын

(2019 жылдың 29 наурызында Басқарманың №10 шешімімен бекітілген) іске асыру аяқталды, соның ішінде:

- ♦ «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамында Алаяқтықты және сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелер бекітілді;
- ♦ KazakhExport-ң корпоративтік интернет-ресурсында «Комплаенс-қызмет және Сыбайлас

жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпарат сыбайлас жемқорлық, теріс пайдалану, алаяқтық фактілері туралы хабарлама беру үшін жүгінуге болатын уәкілетті мемлекеттік органның байланыс деректері көрсетіле отырып, орналастырылды. Дәл осы ресурста қаржы қызметтерін тұтынушылар үшін алаяқтық тәуекелдерін барынша азайту жөнінде пайдалы ақпарат орналастырылған;

- ◆ KazakhExport-ң Стратегия және экономикалық жоспарлау департаментінде және сатып алулар жөніндегі менеджердің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді: сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;
- ◆ ішкі құжаттардың талаптарын ескере отырып, таңдап алынған қызметтерді, жұмыстарды, тауарларды жеткізушілердің сенімділігі, үлестестігі тексерілді (таңдап алынған тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қатысты 163-ке жуық қорытынды дайындалды).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қоғамның персоналына арнап ішкі оқудың келесі түрлерін жүргізілді:

- ◆ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының негіздері бойынша семинар;
- ◆ қаржылық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша семинар;
- ◆ мемлекеттік сыңайлы сектордағы сыбайлас жемқорлық және алаяқтық сызбалар бойынша тренинг.

Тыңдаушылар сондай-ақ жүргізілген семинарлар мен тренинг қорытындылары бойынша компьютерлік тестілеуден өтіп, жақсы нәтиже көрсетті.

Өз біліктілігін арттыру үшін Комплаенс-қызмет қызметкерлері мынаған қатысты:

1. 2020 жылдың қазанында «КПМГ Аудит» ЖШС-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұйымдастырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту және ілгері шығару жөніндегі халықаралық онлайн-форумына;
2. «Сотрга» компаниясы» ЖШС-нің 2020 жылдың қарашасында ұйымдастырған «Экономикалық қауіпсіздік – 2020: жаңа сын-тегеуріндер» тақырыбына онлайн-конференцияға.

KazakhExport-та ішкі коммуникациялар жүйесі жұмыс істейді. Оның көмегімен кез келген мүдделі тұлғалар оларға мәлім болған Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасындағы сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, лауазымдық теріс пайдаланушылық жағдайлары туралы хабарлай алады.

Компанияда өтініштерді қабылдау үшін келесі байланыс арналары жұмыс жасайды:

- ◆ корпоративтік интернет-ресурста орналастырылған Комплаенс-қызмет жұмыскерлерінің электрондық пошта мекенжайлары;
- ◆ «Сенім» шұғыл желі телефоны +7 (7172) 55-44-70;
- ◆ senim@kazakhexport.kz электрондық сенім поштасы.

2020 жылы Компания қызметінде сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ, соның ішінде:

- ◆ KazakhExport-қа қарсы сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар және алаяқтық жасау жағдайлары болған жоқ;
- ◆ KazakhExport қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу жағдайлары орын алған жоқ;
- ◆ телевизиялық, баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде KazakhExport-ң лауазымды тұлғаларының немесе жұмыскерлерінің заңсыз әрекеттері туралы жарияланымдар немесе телевизиялық сюжеттер болған жоқ;
- ◆ KazakhExport лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық белгілерін көрсету фактілері туралы жеке және заңды тұлғалардан шағымдар мен наразылықтар келіп түскен жоқ (жазбаша және ауызша, соның ішінде KazakhExport-ң электрондық пошталық мекенжайына жіберілген, «Сенім» шұғыл сенім телефоны арқылы айтылған);
- ◆ KazakhExport-ң лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар фактілері бойынша олардың қатысуымен сотта іс қарауды жүргізу немесе сақтандыру қызметі туралы қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу жағдайлары болған жоқ.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Компаниядағы ішкі аудит қызметі KazakhExport-тың Дара тұлғалы акционерінің мүдделері мен құқықтарын қорғау, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті көзқарас есебінен стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге жәрдемдесу мақсатында құрылды. Компанияның ішкі аудит қызметі өз қызметінде ішкі аудиттің барлық қолданыстағы халықаралық кәсіби стандарттарын және ішкі аудиторлардың халықаралық институты қабылдаған ішкі аудиторлардың әдеп кодексін ескеріп, ішкі аудит бойынша бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

KazakhExport компаниясында Ішкі аудиттің Халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетін ішкі аудиттің жалпы танылған тұжырымдамалық моделі әрекет етеді, онда ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан оқшауланған. Ішкі аудит аудиторлардың объективтілігін және Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін арнайы функционалдық-әкімшілік бағыныстылық және есеп берушілік режимінде болады. Осы есептілік аясында KazakhExport-ң басқару органдары ішкі бақылау, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділік деңгейі туралы сенімді, әрі өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

KazakhExport Директорлар кеңесі ІАҚ тәуекел-бағытталған Жылдық аудиторлық жоспары мен аудит бағдарламасын, ІАҚ және оның басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітті.

ІАҚ қызметі турлы есеп тоқсан сайын KazakhExport Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетіне ұсынылады. Одан басқа, ІАҚ күнтізбелік жылының қорытындылары бойынша Ішкі аудиттің сапасын

қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасына сәйкес есепті жылдың ішіндегі қызметтің сапасына өзін өзі бағалау жүргізілді.

Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 9 аудиторлық тапсырма, соның ішінде корпоративтік басқару диагностикасы қарастырылып, толық көлемде орындалды. Жүргізілген бағалаулардың қорытындылары бойынша ішкі бақылау жүйесінің жалпы тиімділік балы – 80% және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділік балы – 89% құрады.

2020 жылы COVID-19 пандемиясына және қашықтан жұмыс режиміне ауысуға байланысты ІАҚ жұмысында және COVID-19 туындатқан динамикалық тәуекелдер ортасына орай әрекет етуде икемді екенін көрсетті, соған байланысты ІАҚ болашаққа бағдарланған ұсынымдар мен консультацияларды ұсыну мақсатымен консультациялық тапсырмалардың үлесін арттырды.

Тоқсан сайынғы негізде Сыртқы аудиторлар мен ІАҚ ұсыныстарын орындалуын мониторингтеу жүзеге асырылады.

Біліктілікті жетілдіру және арттыру мақсатында ІАҚ қызметкерлері тұрақты оқудан, оның ішінде кәсіптік сертификаттауды алу үшін өтеді.

Қызмет өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Директорлар кеңесіне өзінің қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіздігін растады.

Директорлар кеңесі жыл сайын ІАҚ-ң және оның басшысының жұмысын бекітілген негізгі қызмет көрсеткіштерінің негізінде бағалайды. 2020 жылдың қорытындылары бойынша ІАҚ «тиімді» деп бағаланды.



КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

2020 жыл ішінде KazakhExport Корпоративтік хатшысымен бөлімшелер басшылары және лауазымды тұлғалардың Дара тұлғалы акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тапсырмаларын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді.

Директорлар кеңесі мен комитеттерінің өткізілген отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамаға қол қойылған күннен бастап 1-2 жұмыс күні ішінде бөлімшелерге хаттамадан/шешімдерден үзінді көшірмелер берілді. 2020 жыл ішінде Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қою мерзімдері бұзылған жоқ, хаттамалар өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалды және қол қойылды.

2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді дайындау және шығару мерзімдерінің бұзылуы болған жоқ, есептер KazakhExport Директорлар кеңесі туралы Ереженің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың соңына дейін шығарылды.

KazakhExport компаниясы туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасы заңнамасының және KazakhExport компаниясының ішкі құжаттарының талаптары аясында өзге де ақпаратты уақтылы ашу қамтамасыз етілді.

2020 жыл ішінде KazakhExport қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты орналастыру жүзеге асырылды, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Директорлар кеңесі құрамының өзгеруі және Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы хабарлама-хаттар жіберілді.

ҚР ҰБ және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан KazakhExport компаниясының лауазымды тұлғаларына санкциялар, соның ішінде әкімшілік айыппұлдар да қолданылмаған.

2020 жыл ішінде KazakhExport Корпоративтік хатшысымен Директорлар кеңесі мен комитеттерінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша бөлімшелерге кеңес берілді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Сыртқы аудитті ұйымдастыру және Өткізу жөніндегі саясатқа сәйкес сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті ротациялау қағидасын ұстануға тиіс.

Егер өткен жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдалса, осындай сыртқы аудитор жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындайды, ол KazakhExport Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне қарауға ұсынылады. Егер аудит жүргізуді өткен жылы осы қызметті ұсынбаған ұйым жүзеге асыратын болса, жоба бойынша әріптестің сабақтастық жоспарын дайындау талап етілмейді.

Әдеп кодексіне сәйкес қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес аудиторлық емес қызметтер көрсету сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер қайшылығының туындауына алып келуі мүмкін. Қаржылық есептілік аудитін, салықтар бойынша аудитті, арнайы мақсаттағы аудитті жүзеге асыратын сыртқы

аудитордың пайымдауының тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы аудитордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі қызметтерін KazakhExport сатып алуға және/немесе алуға тыйым салынады.

KazakhExport компаниясының қызметтерін алу барысында сыртқы аудитор үшін тәуелсіздік қауіпінің туындауын анықтау үшін ҚР заңнамасын және KazakhExport ІНК, соның ішінде Сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу саясатын басшылыққа алады.

2020 жылға арналған қаржылық есептілікке сыртқы аудитті 2019–2020 жылдарға шарт жасалған «КПМГ АУДИТ» ЖШС жүргізді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



GRI 102-11

Тәуекелдерді басқару жүйесі KazakhExport қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен беделге теріс әсер етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген. Тәуекелдің әрбір түрі бойынша KazakhExport компаниясы деңгейінде ішкі капиталды есептеу үшін әрі қарай агрегациялау және оны барлық тәуекелдерді жабуға арналған Компанияның қолжетімді қаржы ресурстарымен салыстыру мақсатында оның сандық бағасы жүргізіледі.

Ішкі капитал қалыпты және күйзеліс жағдайларда есептелетін тәуекелдердің келесі түрлерін ескереді: несие тәуекелі, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-тәуекел. Барлық көрсетілген тәуекелдер KazakhExport компаниясының ішкі құжаттарына сәйкес сәйкестендіріледі және бағаланады және осы тәуекелдер бойынша есептілік тоқсан сайынғы негізде Холдингке ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік енгізілді, мұнда KazakhExport Басқармасы мен Директорлар кеңесі мерзімдік негізде тәуекелдер картасын, тәуекелдер бойынша есептерді қоса алғанда, тәуекелдер бойынша ахуал туралы ақпарат алады. Қажеттілігіне қарай Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдердегі елеулі өзгерістер туралы деректер беріледі. KazakhExport компаниясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне тәуекелдер бойынша есептілікті тұрақты негізде ұсынады.

2020 жылы KazakhExport-ң Тәуекелдерді басқару департаменті құрылымдық бөлімшелермен бірге KazakhExport тәуекелдерін кешенді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізді. Осы жұмыстың қорытындылары бойынша тәуекелдер тіркелімі, бизнес-үдерістер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы әзірленді және бекітілді, тәуекелдер картасы құрылды және іс-шараларды орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар бекітіле отырып, Жоғары және сыни тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды.

Тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылаудың сәйкестігін бағалау қорытындылары бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру ережелерін бекіту туралы» №198 қаулысының талаптарына сәйкес 2020 жылдың ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне берілген жалпы баға 2019 жылғы 94,1%-дан 2020 жылы 96%-ға дейін жоғарылады.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін KazakhExport-ң Директорлар кеңесі мен Басқармасы құратын ұйымдастыру саясаттарының, процедураларының, мінез-құлық нормаларының, іс-әрекеттердің, ішкі бақылау әдістері мен механизмдерінің жиынтығын білдіреді. KazakhExport-ғы ішкі бақылау қызметтің үш негізгі саласы, оған

қоса операциялық қызмет бойынша тәуекелдердің алдын алуға, қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындауға және нормативтік және заңнамалық талаптарды сақтауға бағытталған. Ішкі бақылау жүйесі бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және оның жіберу және мониторингтеу сияқты бес өзара байланысты компоненттен құралады.

2020 жылы Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесін (бұдан әрі – ІБЖ) және тәуекелдерді басқару жүйесін (бұдан әрі – ТБЖ) құрды. ІБЖ-ң жалпы тиімділік балы 80% құрады. Бұл ІБЖ Әдістемесінде көзделген ІБЖ тиімділік (кемелдік) деңгейіне сәйкес «Кемел» деңгейіне сай келеді. ТБЖ-ң Қоғамдағы жалпы тиімділік балы 88% құрады, бұл ТБЖ әдістемесінде көзделген ТБЖ тиімділік (кемелдік) деңгейіне сәйкес «Кемел» деңгейіне сай келеді.



КЛИЕНТТЕР МЕН КОНТРАГЕНТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАҒАЛАУ

Компания контрагенттері мен клиенттеріне тән тәуекелдерді бағалау мақсатында скорингтік модельді қолдану шеңберінде экспорттық несиені сақтандыру, халықаралық факторинг және экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегі тәуекелін бағалау әдіс-темесінде көзделген процедуралар қолданылады.

Экспорттық несиені сақтандыру, халықаралық факторинг және/немесе экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегі тәуекелін бағалау төмендегідей негізгі факторларды ескере отырып жүргізіледі:

- ♦ экспорттаушының селективті тәсілін талдау үшін сатып алушыға қарамастан сақтандырылушы (экспорттаушы) жүзеге асырған өнім жеткізілімдерін сақтандыру тарихын бағалау және ондағы сақтандыру жағдайларының болуы;
- ♦ экспорттаушы саласын дамытуды ынталандыру басымдылығы;
- ♦ экспорттық сатылымдарды жүзеге асырудағы экспорттаушының тәжірибесін бағалау және т. б.

ЭКСПОРТТЫҚ НЕСИЕНІ САҚТАНДЫРУ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАКТОРИНГ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ТӘУЕКЕЛІНІҢ МАТРИЦАСЫ

100 дейін	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
95,1 дейін	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
90,1 дейін	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
85,1 дейін	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
80,1 дейін	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
75,1 дейін	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
70,1 дейін	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
65,1 дейін	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
60,1 дейін	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
55,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
50,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
45,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
40,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
35,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
30,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
25,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0
20,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0
15,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0
10,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0
5,1 дейін	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
төмен 0,1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
	5	9	12	16	20	30	35	40	45	50	55	60	65	70	80	90	100	150	200	250	280	300

*Тік ось бойынша келісімшарт бойынша дефолт ықтималдығы (PD), көлденең ось бойынша – қабылданатын сақтандыру міндеттемелерінің/берешектің млн теңгемен көрсетілген көлемі белгіленген.

Ұсынылатын лимит сомасы 300 млн теңгеден аспаған жағдайда клиенттің өтініші скорингтік модельді пайдалана отырып қаралады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ



GRI 205-1, 205-3, 103-2, 302-3, 303-2, 305-5, 305-7, 306-2, 307-1, 403-2, 403-3, 413-1, 417-1

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Тұрақты даму – бұл ұйым қызметіндегі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттардың кешенді тәсілі. KazakhExport тек қана өз қызметінде үздік нәтижелерге жетуге емес, сонымен қатар Компанияның әлеуметтік және экономикалық дамуына барынша үлес қосуға ұмтылады. Тұрақты даму мәселелеріндегі біздің тәсіліміз тұрақты даму және барлық мүдделі тараптарға қатысты адал және жауапты мінез-құлық қағидаларын сақтау саласындағы негізгі қағидаларымен бірге Компанияның мүдделері мен стратегиялық жоспарларының үйлесіміне негізделеді.

KazakhExport-ң тұрақты даму саласындағы басымдықтары:

- ◆ мүдделі тараптармен тиімді және ашық өзара әрекеттесу жүйелері;
- ◆ еңбек жағдайларын жақсарту және лайықты еңбекақы беру;
- ◆ қызметкерлердің денсаулығын қорғау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- ◆ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру;
- ◆ жұмыскерлерді кәсіби дамыту үшін әлеуметтік қолдау көрсету және білім беру шараларын ұйымдастыру;
- ◆ жұмыскерлердің құқықтарын сақтау, кемсітушілікке жол бермеу және әдеп нормаларын сақтау;
- ◆ сыбайлас жемқорлыққа төзбеу;
- ◆ қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту.

Тұрақты даму қағидаларына жататын көптеген аспектілер Компанияның қызметінде байқалады және KazakhExport Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы қағидасымен бекітілген (KazakhExport Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 52 шешімі), сондай-ақ KazakhExport Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген («Бәйтерек» ҰБХ Дара тұлғалы акционерінің өзгертулері мен толықтырулары бар 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 61/19 шешімі). Тұрақты дамуға қатысы бар корпоративтік мақсаттар Компанияның стратегиясына біріктірілген. Одан басқа, KazakhExport БҰҰ Жақандық шартының адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаларын ұстанады.

2019 жылғы 20 қарашада KazakhExport Директорлар кеңесінің шешімімен KazakhExport Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) қабылданды, оның міндеттері

Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің қағидалары мен бағыттарын анықтау болып табылады.

Тұрақты даму қағидаттарын енгізу мәселелері бойынша міндеттерді іске асыру мақсатында KazakhExport экспорттық-несиелік агенттіктердің бизнес-үдерістеріне тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша халықаралық тәжірибені зерделеді. KazakhExport жүргізген жұмыс нәтижесінде KazakhExport-тың 2020–2021 жылдарға арналған Тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (KazakhExport басқармасының 2020 жылғы 6 тамыздағы № 48 Хаттамасы) дайындалды және бекітілді.

Тұрақты даму саласындағы мақсатты көрсеткіштерді қалыптастыру Компания менеджментінің ҚНҚ жүйесіне интеграцияны және нәтижелілікті жыл сайын талдай отырып, Іс-шаралар жоспарының негізінде іске асырылады.

АҚПАРАТТЫ АШУ

Өз қызметінде KazakhExport максималды ашықтық, айқындық, дұрыстық, барлық мүдделі тараптарға Компания туралы ақпаратқа теңдей қолжетімділікті ұсыну қағидаларын басшылыққа алады. Осыған байланысты 2020 жылы KazakhExport корпоративтік интернет-ресурсы, соның ішінде Web Content Accessibility Guidelines (WCAG) 2.1. халықаралық стандартына сәйкес қажеттіліктері ерекше адамдар (нашар көретін және зағип, нашар еститін және құлағы керек адамдар) үшін оны бейімдеу жағынан жаңартылды.

Халықпен өзара әрекеттесу үшін интернет-ресурста интерактивті бизнес-мессенджер терезесі жұмыс істейді, ол арқылы азаматтардың барлық терезелері жедел түрде өңделеді. Сонымен қатар «Ашық сұхбат» блог-платформасында интеграциялай отырып, Басқарма Төрағасының үш тілдегі жеке блогын ашу көзделген: <https://dialog.egov.kz/>.

KazakhExport қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ашу қорытындылары бойынша 2020 жылы 102 іс-шара іске асырылды (түпнұсқалық ақпараттық). Жалпы, БАҚ-да жариялау қорытындылары бойынша (Қазақстан, KazakhExport орналасатын мемлекеттер, оған қоса ескертулер) 2020 жылдың 12 айының ішінде KazakhExport аталған 810 материал жарық көрді және әлеуметтік желілерде KazakhExport 1 474 рет аталған.

Одан басқа, корпоративтік сайтта «Корпоративтік басқару» бөлімінде тұрақты даму туралы ақпарат ашылған. Кейіннен сайтта корпоративтік басқару қағидаларын енгізу бойынша жүргізілген іс-шаралар жарияланатын болады.

КАДРЛЫҚ САЯСАТ

GRI 102-8, 102-41, 103-2, 401-1, 401-3 402-1, 404-2, 405-1

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ

Компанияның басты ресурсы – кәсіпқойлар командасы. Компания әр қызметкер өз мүмкіндіктерін барынша іске асыра алатын, өзін ортақ істің ажырамас бөлігі болып сезіне алатын ахуалды құрады және соны сақтайды.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 92 жұмыскерді құрайды, 2020 жылы жұмысқа 31 жұмыскер қабылданды. Компанияда әртүрлі жастағы мамандар жұмыс істейді, біздің жұмыскерлеріміздің жартысынан

көбі 25-39 жас жастық санатына жатады. Компанияның барлық жұмыскерлері жоғары білімді.

Компания ерлер мен әйелдер үшін теңдей мүмкіндік береді. Жұмыскерлерді жалдау және ілгері шығару кезінде, ең алдымен, олардың кәсіпқойлығы, көш-басшылық қасиеттері, нәтижеге бағдарлануы және командада жұмыс істей алуы бағаланады.

2020 жылдың ішінде жұмыстан шығып кеткен жұмыскерлер 18,07%-ды құрады.

ШЫҒЫП КЕТКЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖАСТЫҚ ТОПТАР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ:

№	Жастық санаты	%
1	25 жастан 30 жасқа дейін	6,02
2	30 жастан 40 жасқа дейін	8,4
3	40 жастан 50 жасқа дейін	3,6

ШЫҒЫП КЕТКЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН САНЫ:

ерлер	әйелдер
13,2%	4,8%

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

Компанияда конкурстық негізде бос лауазымдарға үміткерлерді ашық және айқын іріктеу жүзеге асырылады. Қызметкерлерді іріктеу жүйесі жұмысқа орналастыру кезінде үміткерлерге тең көзқарасқа және үміткерлердің құқықтарын шектеуге жол бермеуге

негізделген. Кадрларды іріктеу кандидаттың кәсіби және жеке құзыреттерін бағалау негізінде жүргізіледі.

Жаңа қызметкерлерді өндірістік ортаға тиімді интеграциялау бойынша қолдау көрсету үшін жаңа қызметкерлерді бейімдеу жүйесі жұмыс істейді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРЛІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

KazakhExport заманауи технологияларды енгізумен қызметкерлерді ішкі және сыртқы оқыту жүйесі жұмыс істейді. Мобильді қосымша арқылы электронды кітапханаға қол жеткізу қамтамасыз етілді, тілдік курстар ұйымдастырылды.

KazakhExport бизнес-тренері тұрақты негізде жұмыс істеп тұрған қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін ғана емес, сонымен қатар жаңа қызметкерлерге бейімделу бойынша оқыту семинарларын ұйымдастырады.

Сондай-ақ, KazakhExport-тің бизнес-тренері, KazakhExport қызметі және қолдау шаралары бойынша серіктес компаниялар мен екінші деңгейлі банктер қызметкерлеріне тегін семинарлар өткізеді. Жыл сайын «Даму» КДҚ» АҚ, «Атамекен» ҰКП, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өңірлік бөлімшелерінің «KazakhExport» ЭСК» АҚ өнімдері бойынша оқыту семинарларымен Қазақстанның барлық 14 аймағы, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен астана – Нұр-Сұлтан қаласы қамтылды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Компанияда қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан былай – ҚНҚ) негізінде қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді – бұл сыйақыларды қызметкерлер қызметінің нәтижелеріне байланыстыруды қамтамасыз етеді. ҚНҚ тиімділігі жоғары қызметкерлердің нәтижелеріне қол жеткізуге

ынталандыруға және керісінше, даму үшін салалары бар қызметкерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

ҚНҚ Қоғамның стратегиялық мақсаттарын жауапкершілік аймағына сәйкес қызметкерлер көрсеткіші деңгейіне каскадтау арқылы құрылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

Еңбекке әділ сыйақы беруді қамтамасыз ету мақсатында Компанияда «Нау Group» халықаралық консалтинг компаниясының сыртқы кеңесшілерімен бірлесіп әзірленген грейдирлеу жүйесі енгізілді. Грейдирлеу жүйесі еңбекақы төлеудің нарықтық деңгейін бағалауды

ескере отырып, қызметкерлер еңбекақысының бәсекеге қабілеті деңгейін қамтамасыз ету үшін стратегиялық мақсаттарға жетуде әрбір лауазымның құндылығын өлшеуді және анықтауды қарастырады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Әлеуметтік қолдау жұмыс беруші ретінде KazakhExport-тың тартымдылығын арттыруға, қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға және оның уәждемесін арттыруға бағытталған. Қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі бағыттары қыз-

меткерлерге келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды көздейді: қызметкерлер мен қызметкерлердің отбасы мүшелеріне материалдық көмек көрсету және ерікті медициналық сақтандыру (ауырған жағдайда сақтандыру).

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ

Компанияда кадрлық резерв саласындағы саясат «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бірыңғай кадрлық резерві аясында қалыптастырылады.

Жыл сайын KazakhExport ең перспективті, әрі тиімді қызметкерлері кадрлық резервке кіру үшін іріктеу турларына қатысады.

Қоғамда 5 жұмыскер Бірыңғай кадрлық резервке кіргізілге, олардың ішінен 2021 жылы бір резервші Қоғамның басқарушы құрамына енді (Қоғам Төрағасының орынбасары – Қоғам Басқармасының мүшесі болып тағайындалды), үш адам орта буын басшылары позицияларына белгіленді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

KazakhExport компаниясында «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Қызметкерлеріне арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық» қолданылады. Нұсқаулыққа сәйкес KazakhExport компаниясында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқалар тұрақты түрде өткізіледі.

2020 жылдың ішінде Нұсқаулықты бұзу жағдайлары болған жоқ, еңбек жарақатын алу, кәсіби жарақаттанушылық жағдайлары орын алған жоқ.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясының белсенді фазасы кезінде Компания инфекцияның таралуын болдырмайтын жұмыскерлердің денсаулығын қорғау бойынша шараларды қабылдады.

Жағдайға күн сайын мониторинг және бақылау жүргізіледі. Кеңселерде санитарлық қорғаудың жоғары-

латылған шаралары, күнделікті жинау, жұмыс беттерін дезинфекциялау енгізілді, антисептикалық құралдары бар диспенсерлар, ғимаратқа кіреберісте температура бақылау құралдары орнатылған. Қызметтік іс сапарлар қысқартылды, қызметкерлердің 80% қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау үшін стационарлық жұмыс орнындағы қызметкерлер (офлайн-формат) жүйелі түрде ПТР-тестілерді және антиденелерді анықтау тестілерін тапсырып тұрды.

Одан басқа, Компанияның қашықтан жұмыс режиміндегі жұмыскерлері үшін оқу тренингтері мен курстарын өткізу үшін цифрлық құралдар белсенді түрде қолданылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

KazakhExport қызметінің негізгі бағыттары экологияға кері әсер тигізбейді. Дегенмен де, Компания табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға тырысады және онымен барлық мүдделі тараптарға үлгі көрсетеді.

KazakhExport экологиялық жауапкершіліктің көпшілік қабылдаған мақсаттары мен қағидаларын толығымен қолдайды, оған қоса:

- ◆ биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды;
- ◆ шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды;
- ◆ үнемдейтін технологияларды пайдалануды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

KazakhExport компаниясы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін және тұрақты дамуына септігін тигізетін осындай шаруашылық қызметті жүзеге асыруға өзінің ұмтылысын растайды.

KazakhExport корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды іске асыру арқылы өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

- ♦ елдің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қолдауға үлес қосу;
- ♦ KazakhExport әлеуметтік ілгерлеуге септігін тигізу;
- ♦ ұйымшыл, әлеуметтік қорғалған, шығармашылық және экономикалық тұрғыдан ынталандырылған қызметкерлер ұжымын құру;
- ♦ үздік әлемдік стандарттарға сәйкес еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін арттыру;
- ♦ заманауи жоғары тиімді және әлеуметтік жауапты KazakhExport мәртебесіне қол жеткізу және қолдау.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

GRI 102-40, 102-42, 102-43, 102-44

KazakhExport компаниясы мүдделі тараптардың кең ортасы үшін ұзақ мерзімді құндылықты құруға ұмтылады.

Стейкхолдерлердің негізгі топтары олардың KazakhExport-қа әсер ету дәрежесін және Компанияның оларға әсерін талдау негізінде анықталады.

Стейкхолдерлердің (әсер ету саласының) жақындығының деңгейі KazakhExport қандай да бір мүдделі тарапқа әсер ету мүмкіндігінің дәрежесін білдіреді.


Төмендегі суретте ол III, II және I сызықтық байланыстар түрінде анықталған:

- ♦ Өкілеттік/жауапкершілік саласы (III). Бұл салада KazakhExport компаниясы тікелей бағынышты болатын стейкхолдерлер (басқарудың әкімшілік тетіктері) орналасқан.
- ♦ Тікелей әсер ету аймағы (II). Бұл салаға ресурстармен алмасу стратегиясына немесе сенімге сүйене отырып, KazakhExport компаниясы тікелей әсер ететін стейкхолдерлер жатқызылған.
- ♦ Жанама әсер ету аймағы (I). Бұл салада KazakhExport компаниясы мүдделі тараптардың қолдауын пайдалана отырып, әлсіз, жанама әсер ететін стейкхолдерлер орналасқан.

Әсер ету маңыздылығының дәрежесі x/y екі шкала бойынша бағаланады, мұнда: x = -5 бастап +5 дейін, 1 қадаммен (немесе одан да ұсақ) KazakhExport стейкхолдерінің қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесін сипаттайды (-5 – қарсы іс-қимылдың шеткі дәрежесі, +5 – қолдаудың жоғары дәрежесі), y = 0 бастап 5 дейін 1 қадаммен (немесе одан да ұсақ) стейкхолдердің Компанияға әсер ету дәрежесін сипаттайды.

KazakhExport компаниясы мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу және кері байланыс алу үшін құралдардың кең тізбесін пайдаланады. Негізгі шешімдерді қабылдау кезінде Компания өзара әрекеттесу барысында анықталған стейкхолдерлердің әртүрлі топтарының мүдделерін ескеруге ұмтылады.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ



X/Y

X = -5 бастап +5 дейін – қолдау күші/стейкхолдердің қарсы әрекеті (картада бірінші санмен белгіленген)

Y = 0 бастап 5 дейін – стейкхолдер ықпалының күші (картада екінші санмен белгіленген)

n = I, II, III – стейкхолдерлерге Компания ықпалының дәрежесі (картада I, II, III сызықтар түрінде жақшада көрсетілген)

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ


№	Стейкхолдер	Мүдделер/уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
Жақын өріс				
1.	Дара тұлғалы акционер	Пайда мен жылдық дивидендтер өсуі, KazakhExport құнының өсуі, KazakhExport қызметінің тиімділігі	KazakhExport жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі	Қызметтің негізгі бағыттарын, сондай-ақ KazakhExport жалпы басшылығына қатысты мәселелерді келісу. Қазақстан Республикасының заңнамасына және KazakhExport жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидалары аясында Дара тұлғалы акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, KazakhExport ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпаратты ұсыну. KazakhExport қызметінің жоспарлары, жетістіктері, мәселелері туралы мәліметтер ұсыну. Дара тұлғалы акционердің шешімі.

№	Стейкхолдер	Мүдделер/уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
2.	Директорлар кеңесі	KazakhExport қызметін жалпы басқару	KazakhExport Жарғысы, KazakhExport ішкі құжаттары	Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Дара тұлғалы акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру.
3.	Менеджмент	Еңбекақы, бонустар, сыйақылар, мәртебе, жауапкершілік аймақтары	KazakhExport Жарғысы, KazakhExport ішкі құжаттары	KazakhExport Дара тұлғалы акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау. KazakhExport сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, даму жоспары мен стратегиясын дайындау, іске асыру және іске асыру мониторингі. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда көзделген, сондай-ақ KazakhExport Директорлар кеңесі мен Басқармасының құзыретіне жататын өзге де мәселелерді дайындау және іске асыру (KazakhExport Жарғысына сәйкес). KazakhExport басқармасының және Басқарма жанындағы комитеттердің отырыстары. Жұмыс топтары, жедел кеңестер.
4.	Қызметкерлер	Еңбекақы, сыйлықақылар, мансаптық өсу, кәсіби даму, еңбек шартының талаптары, әлеуметтік кепілдіктер (соның ішінде медициналық сақтандыру), өкілеттіктер мен жауапкершілік деңгейі, жұмыспен қанағаттану деңгейі	Еңбек кодексі, еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар	KazakhExport міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Білікті және уәжді қызметкерлерді қалыптастыруға бағытталған айқын, ашық кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін риясыз және әділ бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсуі. Сауалнама және сұраулар.
5.	Клиенттер	Коммерциялық мүдделер, қолайлы тарифтер бойынша жоғары сапалы қызметтер алу	Шарттар	KazakhExport өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың үміттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету. Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Тұтынушылардың қанағаттануын талдау. Келіссөздер, консультациялар.
Алыс өрісі				
6.	Мемлекеттік органдар	Заңнамалық және атқарушылық функциялар, салық түсімдері, экономикалық өсу, халықты жұмыспен қамту	Заңдар, Әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары	KazakhExport ұйымдастыратын жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысуға шақыру. KazakhExport мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті процедураларды дайындау және іске асыру. KazakhExport қызметінің негізгі бағыттарын келісу. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, KazakhExport ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мүдделі мәселелер бойынша шынайы ақпарат ұсыну. Үкіметтік жұмыс топтарына қатысу. Уәкілетті мемлекеттік органдармен кеңесу. Тексерулер мен инспекциялар. Кездесулер мен отырыстар.
7.	Холдингтің еншілес ұйымдары	Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Шарттар, KazakhExport Жарғысы, Холдингтің, KazakhExport пен еншілес ұйымдардың ішкі құжаттары	Өзара тиімді ынтымақтастық, бизнес- және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.

№	Стейкхолдер	Мүдделер/уәждер	Әсер ету құралдары	Өзара әрекеттесу әдістері
8.	Бәсекелестер	Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі нарығында қатысу үлесін ұлғайту	Сақтандыру/қосымша сақтандыру бойынша неғұрлым тиімді шарттарды қолдану, активтердің өсуі, тарифтік бәсекелестік, белсенді жарнама саясаты, нарықты маркетингтік зерттеу	Сыйластық көрсету, негізсіз артықшылықтарды қолданудан және бәсекелестікті бұрмалауға жол бермеу, Корпоративтік басқару кодексінің және KazakhExport Іскерлік әдеп кодексінің қағидаларын ұстану. Нарықты мониторингтеу, талдау және маркетингтік зерттеу.
9.	Серіктестер	Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Меморандумдар, шарттар	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасасу. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
